



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com

www.facebook.com/aikyn.kz

@aikyngazeti

www.aikyn.kz

СЕНБІ
№64 (4604)
14.06.2025

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ПРЕЗИДЕНТ



ДӘРІГЕР БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

Ақордада медицина саласы
қызметкерлерін марапаттау
рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауымды Медицина қызметкері күнімен құттықтап, осы мерекеге орай дәрігерлермен Ақордада алғаш рет кездесіп отырғанын әрі бұл жиынның мән-мағынасы ерекше екенін атап өтті.

— Халқымыз «Бірінші байлық — денсаулық» деп бекер айтпаған. Шын мәнінде, ұлт саулығы — еліміз үшін аса маңызды құндылық. Әлемнің «екінші ұстазы» — Әл-Фараби медицинаны өнер деп бағалаған. Расында, дәрігер болу — жүректің ісі. Бұл — екінші бірі аяқ баса бермейтін жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Медицина қызметкерлері — ұлт саулығының сақшылары, ең қадірлі мамандық иелері. Әсіресе, жаһандық індет, яғни, ковид кезінде бүкіл ел дәрігерлердің адал қызметіне куә болды. Күрделі ке-

зеңде медицина мамандары мыңдаған адамды құтқарып қалды. Біз абзал жандардың табанды еңбегін бағалаймыз. Олардың қайсарлығын мақтан тұтамыз. «Бір адамның өмірін құтқару барша адамзатты құтқарумен бірдей». Дәрігерлер ота кезінде, аурухана палатасында күн сайын ерлік жасайды десек, артық болмайды. Жедел жәрдем көлігінде адам өміріне араша түсетін сәттер болады. Сондықтан сіздер, құрметті медицина қызметкерлері, бейбіт күннің батырлары деген атқа лайықсыздар. Мен барша медицина мамандарына зор ризашылығымды білдіремін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ дәрігерлері қай кезде болсын, ел мүддесін бәрінен биік қоя білгенін, ұлт қайраткерлері Халел Досмұхамедов пен Санжар Асфендияровтың белгілі дәрігер болғанын, олар халқымыздың азаттығы үшін де, саулығы үшін де аянбай күрескенін атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Мемлекет басшысы ExxonMobil корпорациясының басқарма төрағасы және бас атқарушы директоры Даррен Вудсты қабылдады.

Кездесуде энергетика және мұнай-газ салаларындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың қазіргі жай-күйі мен перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ExxonMobil корпорациясының ел экономикасын дамытуға қосқан үлесіне жоғары баға берді. Сонымен қатар аталған компанияны Қазақстанның энергетика секторындағы негізгі әрі сенімді серіктестерінің бірі ретінде атады.

Президент мұнай-газ саласындағы бірлескен қызмет аясында көмірсутегі өндірісінің көлемін ұлғайтуға бағытталған жобаларды жүзеге асырудың маңызына тоқталды. Сонымен қатар еліміз корпорациямен ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге және өндірістің тиімділігін арттыруға мүдделі екенін айтты.

Даррен Вудс Теңіз, Қашаған және Каспий құбыр консорциумы жобаларын табысты жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасағаны үшін ризашылығын білдірді.

ТҮРКІ БІРЛІГІ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Астанада Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен «TURKTIME: парламенттік дипломатияның рөлі» тақырыбына арналған Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының (ТүркПА) XIV жалпы отырысы өтті.

Жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің төрайымы Сагиба Гафарова, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің төрағасы Нурланбек Тургунбек уулу, Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісінің спикері Нуман Куртулмуш, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығарушы палатасының спикері Нуриддин Исмоилов және Солтүстік Кипр Түрік Республикасы Мәжілісінің төрағасы Зия Өзтүркерлер, сондай-ақ депутаттар мен Түркі ынтымақтастығы аясындағы ұйымдардың және басқа да халықаралық бірлестіктердің жетекшілері қатысты.

→ 4

ТАЗАЛЫҚ – ТӘРТІП ПЕН ТӨЗІМ ЖЕМІСІ

Асфальт жолмен алға жылжып, су шашып келеміз. Су шашылған тасжол әп-сәтте салқындап, топырақтың жағымды иісі бірден мұрнымызға келді. Жаяу жүргіншілер мен көлік тізгіндегендер бізге қызыға көз тастап, жол шетіне ығысып жатты.



→ 7

ЖАҢА ДӘУІР – ЖАНҒАН СӘУЛЕ

Әлемде сал ауруына және түрлі созылмалы дертке шалдыққан науқастардың қайта қозғалуына мүмкіндік беретін жаңа технологиялар саны артып келеді. Импланттар және нейроинтерфейстер арқылы адамдар енді бұрынғы қабілеттерін қайтара алады.



→ 16

САЯСАТ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ПРЕЗИДЕНТ

ДӘРІГЕР БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

(Басы 1-бетте)

— Бүгінде еліміздің денсаулық сақтау саласында 380 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Әр маманның еңбегі орасан зор. Ұлт саулығын сақтауға бүкіл өмірін арнаған тұтас әулеттер бар. Алматыдағы Джувашевтер әулетінен 13 адам медицина саласын таңдаған. Олардың жалпы еңбек өтілі — 375 жыл. Ал Атырау облысындағы Шанаевтар әулетінен 16 дәрігер шыққан. Мұндай еңбек династияларының ғибратты жолы — көпке үлгі-өнеге. Қазір ұлттық медицина саласы қарқынды дамып келе жатыр. Жетістіктеріміз аз емес. Елімізде орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті. Ана мен бала өлімі шамамен 12 пайызға азайды. Бес жылда 800-ге жуық денсаулық сақтау нысаны, яғни, көптеген емхана мен аурухана салынды. Бұл жұмыс тоқтамайды, мемлекет алдағы уақытта да инфрақұрылымды дамыта береді. Ұлт саулығын жақсарту алғашқы медициналық көмектен басталады. Елімізде ауылдық жердегі медицина жүйесін жаңғыртуға арналған ұлттық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде 469 ғимарат бой көтерді. Жыл соңына дейін тағы 186 нысан салынады. Аудандық ауруханалар заманға сай құралдармен жабдықталып жатыр, — деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізде медициналық туризм қарқынды түрде дамып келе жатқанын жеткізді. Жыл сайын 45 мемлекеттен шамамен 10 мың адам Қазақстанға емделу үшін арнайы келеді. Бұл еліміздегі дәрігерлік көмектің сапасы жоғары екенін көрсетеді.

— Бүгінде көптеген ауруханамыз халықаралық аккредит-



теуден өткен. Нейрохирургия мен Кардиохирургия ұлттық орталықтары әлемдік клиникалар деңгейінде жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсетеді. Қазақстандық дәрігерлер жүрекке жыл сайын мыңдаған ашық операция жасайды. Емделушілердің қатарында жана туған нәрестелер де бар. Елімізде органдарды трансплантациялау ісі жоспарлы түрде дамып келеді. Жуырда жүрек ауыстыруға арналған жүзінші ота сәтті өтті. Биыл алғаш рет бір мезетте үш адамға үш донордың бүйрегін тоғыспалы трансплантация тәсілімен салды. Өздеріне сәйкес келетін органдарды алу үшін пациенттер бір-біріне донор болды. Мұндай күрделі операциялар дүние жүзінде алты елде ғана жасалады. Онкологиялық ауруларды емдеуге сәуле терапиясының озық әдістері қолданылып жатыр. Былтырдан бері елімізде мүлде жаңа бағыт —

феталді медицина дами бастады. Яғни, бұл — ана құрсағындағы шараңаға операция жасау деген сөз. Мұндай бірегей медициналық көмек көптеген баланың дүниеге дені сау болып келуіне мүмкіндік сыйлайды. Сирек кездесетін сырқаты бар адамдарды емдеу мен денсаулығын жақсартуға ерекше мән берілуде. Мемлекеттің алдында мұндай науқастарды шетелдік қымбат дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету секілді күрделі міндет тұр. Осы орайда менің ұсынысым бойынша құрылған «Қазақстан халқына» қоры үлкен қолдау көрсетіп отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға айрықша назар аударатынын айтты.

— Ірі халықаралық инвесторларды тарта отырып, стратегиялық сипат алған бұл саланы дамытуға күш салу маңызды. Алдағы уақытта медицина ғылымының әлеуетін толықтай игеру керек. Ол үшін қазірдің өзінде берік негіз бар. Ғалымдарымыз онкология, трансплантология, неонатология, генетика, биомедицина салаларында тың жаңалықтар ашты. Қан ауруларын емдеуге отандық препараттар қолданылып жатыр. Жасанды интеллект сырқаттарды анықтау мен емдеудің көкжиегін кеңейтеді. Аталған перспективті салада айтарлықтай серпіліс жасау қажет. Ядролық медицинаның мүмкіндігін де барынша пайдаланған жөн. Ден-

саулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі — елдегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші, — деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, олардың мәртебесін көтеру — мемлекеттің негізгі міндетінің бірі екеніне тоқталды.

— Менің тапсырмаммен былтырдан бастап «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы беріле бастады. Бұл — медицина қызметкерлеріне деген айрықша құрметтің белгісі. Соңғы 5 жылда денсаулық сақтау саласындағы жалақы екі есеге жуық өсті. Медицина кадрларын даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждердің шәкіртақысы көбейді. Жас мамандардың білікті дә-

рігерден тағылым алып, кәсібіне тез бейімделіп кетуіне барынша жағдай жасалуда. Жалпы, денсаулық сақтау ісіне бөлінетін қаржы жыл өткен сайын артып келе жатыр. Биыл оның көлемі 2,6 триллион теңгеге жетті. Мемлекет медицина қызметкерлеріне қолдау көрсете береді. Дәрігерлі халықтың қамқоршысы деуге болады. Барша жұрт мұны терең түсініп, оларға әрдайым құрмет көрсетуге тиіс. Өкінішке қарай, қоғамда дәрігердің жұмысына кедергі жасап, тіпті, қокан-лоқы көрсететін адамдар әлі де бар. Медицина қызметкерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін заңсыз әрекетке жол беруге болмайды. Қоғамдық тәртіпті бұзатын осындай адамдар міндетті түрде заң аясында жауапкершілікке тартылады. Заң мен тәртіп барлық жерде бірдей қатаң сақталуға тиіс. Біз сонда ғана Әділетті әрі Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы орайда медицина қызметкерінің рөлі айрықша, — деді Мемлекет басшысы.

Президент дәрігерлердің еңбегі кашанда лайықты бағалануы керек екенін айтып, медицина майталмандарын мемлекеттік наградамен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойғанын жеткізді.

Жиында С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің кафедра меңгерушісі Құралбай Құрақбаев, еңбек ардагері Жексенбай Нысанов, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС филиалының зертхана меңгерушісі Екатерина Остапчук сөз сөйледі.

Мейір ЖАСЫН



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен отандық медицинаны дамытуға қосқан елеулі үлесі және азаматтардың денсаулығын сақтаудағы қажырлы еңбегі үшін бірқатар маман наградталды.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Денсаулық сақтау саласының мамандарына ІІІ дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендері, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдары, «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы берілді.

ІІІ дәрежелі «Барыс» орденімен — Мырзақәрім Алшынбаев пен Құралбай Құрақбаев наградталса, «Парасат» орденімен — саланың алты маманы, атап айтсақ, Ғалия Әлібекова, Ермек Әубәкіров, Камидолла Ирменов, Онлас-

бек Құлакеев, Надежда Петерсон, Шыңғыс Шашкин марапатталды. «Құрмет» ордені — Шолпан Алтынова, Сырданқыз Ибатова, Шахимұрат Исмаилов, Тимур Қапышев, Ғалия Түсіпбекова, Сәуле Түсіпбековаға табыс етілді.

Мемлекет басшысы Жарлығына сәйкес, денсаулық сақтау саласындағы жемісті қызметіне орай «Ерен еңбегі үшін» медалі 12 адамға, «Шапағат» медалі 9 маманға берілді.

Сондай-ақ «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы — Орынбай Дайырбеков, Азамат Мағзұмов, Сергей Новичевский және Жексенбай Нысановқа берілді.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бір топ депутатпен бірге OzgeEris атты алғашқы креативті хабына барып, оның қызметімен танысты. Соның аясында хабтың шығармашылық тобы аутизм жөнінде терең ой салатын және сол қиындықты еңсеру жолында қалыптасқан стандарттан тыс шешімдер іздейтін оқиғаны баяндайтын «Құштар» спектаклін сахналады.

OzgeEris хабында бірегей этномұражай мен колөнер шеберханасы бар. Мұнда театр қойылымдары, музыкалық және поэзиялық кештер мен көрмелер өткізуге арналған кеңістік те қарастырылған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, негізгі

мақсат — заманауи өнер арқылы қазақ мәдениеті мен креативті индустрияны дамыту. Сондай-ақ аталған бастама дарынды жастардың әлеуетін ашуды, тәжірибелі өнер қайраткерлерімен және шығармашыл зиялы қауым өкілдерімен бірлесіп олардың жоба-

ларын іске асыруға қолдау көрсетуді көздейді.

Өнер арқылы қазіргі өзекті проблемаларға және қоғамды толғандырған түйткілдерге баса мән беріп, оларды шешудің стандарттан тыс жолдарын ұсыну айрықша маңызға ие. Аутист балалар туралы қойылым инклюзия тақырыбындағы осындай тың тәсілдердің бірі екенін атап өткен жөн. Бұл — OzgeEris хабы мен Сенат жанындағы сарапшылар клубы бірлесіп әзірлеген іргелі жоба.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Әділетті Қазақстан және инклюзивті қоғам қалып-

тастыру — Мемлекет басшысы жүргізіп келе жатқан саясаттың басым бағыттарының бірі. Палата Спикері мүгедектігі бар адамдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, олардың ортаға бейімделуіне және кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау, сондай-ақ осы бағыттағы басқа да өзекті мәселелерді шешу жолында кешенді тәсілдердің маңызы зор екенін де тілге тиек етті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының басым бағыттарының бірі инклюзивті қоғам құру екені анық. Соңғы жылдарда мүгедектігі бар адамдарға және халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекет тарапынан қолдау көрсету жүйелі сипатқа ие болды. Осы бағытта тиісті заңдар да қабылданып жатыр. Бұл мәселеде тек әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық жобалармен шектелуге болмайды. Инклюзивті қоғам қалыптастыру үшін адамдардың инклюзияға көзқарасы мен бұл саладағы тәсілдерді өзгерту және мүгедектігі бар адамдарды жүйелі қолдау аса маңызды. Осы тұрғыдан келгенде бүгін тамашалаған «Құштар» спектаклінің мәні зор», — деп Мәулен Әшімбаев Creativity Support Team креативті тобының жұмысына жоғары баға берді.

Әлеуметтік бағыттағы жобаны табысты іске асыруда ұрпақтар сабақтастығына да баса мән берілді. Қойылымды сахналауға Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының, «Жастар» театрының, Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының, Астана қаласы музыкалық жас көрермен театрының кәсіби актерлерімен қатар шығармашыл зиялы қауым өкілдері де атсалысып, айтарлықтай қолдау көрсетті.

Спектакльді Парламент депутаттарымен қатар өнер, білім беру саласының мамандары, сарапшылар және тағы басқалар тамашалады.

Айта кетейік, «Құштар» қойылымының басты мақсаты — аутизмге және оның әлеуметтік аспектілеріне терең үнілу, сондай-ақ осы мәселеге қоғамның назарын аудару. Оқиға желісінде аутизм ұғымы барлық саланы хабардар ету және байланыс орнату, өзара диалог пен әлеуметтік теңдікті нығайту тұрғысынан қарастырылады. Жоба қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелер мен үрдістерді ескере отырып, ғылыми, әлеуметтік және мәдени зерттеулерге негізделген. Спектакль барысында маңызды проблемалар терең талданып, жаңа көркемдік шешімдер мен әдістер ұсынылады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ТИІМДІ ПЛАТФОРМАСЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының «Түркі дәуірі: парламенттік дипломатияның рөлі» атты XIV пленарлық отырысында сөз сөйледі. Іс-шара барысында ТүркПА-ға мүше елдер — Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия Парламенттерінің спикерлері, сондай-ақ басқа да қатысушы мемлекеттердің өкілдері түркі әлеміндегі маңызды мәселелерді талқылап, алдағы бірлескен жұмыстың негізгі міндеттерін белгіледі.

Мәулен Әшімбаев ТүркПА парламентаралық диалог пен ынтымақтастықтың тиімді платформасы ретінде толық қалыптасып, танылғанына назар аударды. Парламенттік Ассамблея бауырлас елдердің заңнамаларын жақындастыру, заң шығару қызметінде тәжірибе алмасу, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу үшін бірлесіп әрекет ету жолында маңызды рөл атқарады. Сенат Төрағасы атап өткендей, жаһандық тәртіп пен қауіпсіздік негіздеріне әсер

ететін қазіргі сын-қатерлерді еңсеру және мемлекеттердің әлеуетін дамыту үшін түркі елдерінің күш-жігерін біріктіру ерекше мәнге ие.

«Биыл мамыр айында Будапеште өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «қазіргі күрделі геосаяси жағдайда Ұйым аясындағы ынтымақтастықтың мәні ерекше артып отыр» деді. Бүгінде шиеленісе түскен геосаяси тұрақсыздық, қарулы қақтығыстар,

әлемдік экономикада әртүрлі проблеманың ушығуы және протекционизмнің күшеюі белең алып отыр. Санкциялық текетірестер мен технологиялық бәсекенің де әсерін атап өткен жөн. Мұның бәрі мемлекеттер арасындағы сенім мен ынтымақтастықтың азаюына ықпал ететіні анық. Сондай-ақ біз бүгінде қарқынды технологиялық серпіліс дәуіріне қадам бастық. Сондықтан сын-қатерлермен бірге алдымызда жаңа мүмкіндіктер де ашылып жатқанын айтуға тиіспіз. Осыған байланысты түркі мемлекеттерінің зор әлеуетін толық пайдаланып, өзара іс-қимылды жандандыра түсуіміз керек», — деді палата Спикері.

Отырысқа қатысушылар Қазақстанның елордасында өтіп жатқан кездесу ортақ тарихи мұраға, мазмұнды диалогке және түркі әлемін одан әрі дамытуға деген айнымас адалдықтың жарқын көрінісі екенін айтты. Сондай-ақ мұндай басқосу

көпжоспарлы өзара іс-қимылды нығайта түсуге оң септігін тигізетіні сөз болды. Сенат Төрағасы ТүркПА-ға мүше елдер қазіргі сын-қатерлерге бейімделумен қатар өздерінің технологиялық, экономикалық және экологиялық күн тәртібін жүзеге асыруға қажетті әлеуетке ие екенін тілге тиек етті.

«Парламенттік дипломатияны одан әрі нығайту экономикадан мәдениетке дейінгі барлық деңгейдегі кооперацияға тың серпін береді. Осы ретте Парламенттеріміз арасындағы іс-қимылды арттырудың аса маңызды екенін атап өткім келеді. Бұл, әсіресе, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында белгіленген экономикалық, көліктік, экологиялық және цифрлық бастамаларды құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету ісінде айрықша мәнге ие. Жалпы, ТүркПА-ның бүгінгі отырысы парламенттік дипломатиядағы жаңа көкжиектерге жол ашады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс барысында парламенттік делегациялардың мүшелері, халықаралық ұйымдар мен басқа да мүдделі тараптардың өкілдері өңірдегі стратегиялық серіктестікті дамытуға қатысты өзекті мәселелерді жан-жақты талқылады.

БАҒДАР

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ТҮРКІ БІРЛІГІ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Астанада Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен «TURKTIME: парламенттік дипломатияның рөлі» тақырыбына арналған Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының (ТүркПА) XIV жалпы отырысы өтті.

Жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің төрайымы Сагиба Гафарова, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің төрағасы Нурланбек Тургунбек уулу, Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісінің спикері Нуман Куртулмуш, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығарушы палатасының спикері Нуриддин Исмоилов және Солтүстік Кипр Түрік Республикасы Мәжілісінің төрағасы Зия Өзтүркерлер, сондай-ақ депутаттар мен Түркі ынтымақтастығы аясындағы ұйымдардың және басқа да халықаралық бірлестіктердің жетекшілері қатысты.

Алдымен тараптар Ассамблея Кеңесінің отырысында бас қосып, Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің төрайымы Сагиба Гафарова ТүркПА-ға Әзербайжанның төрағалық еткен кезеңде атқарылған жұмысты қорытындылады. Содан соң Әзербайжан тарапы төрағалық тізгінді Қазақстан Республикасына тапсырды.

Кеңесте ұйымға мүше парламенттер хатшылықтың былтырғы



қызметі туралы есебін қарап, алдағы кезеңге жоспарларын айқындады. Одан әрі талқылау ТүркПА-ның жалпы отырысында жалғасты. Жиынды ашқан Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов түркі мемлекеттерін бүгінде терең тарихи тамыры ғана емес, сонымен қатар мемлекет басшылары арасындағы берік достық, ортақ мүдделер мен мығым мәдени байланыс біріктіріп отырғанын атап өтті.

— Қазір түркі жұртының көші ілгері. Өзара татулық пен түсіністіктің арқасында елдеріміз өркендеп келеді. Бұл — ең әуелі біздің мемлекеттеріміздің басшылары жүргізіп отырған байыпты саясатын нәтижесі. Президенттеріміз түркі интеграциясы бағытында орасан жұмыс атқарып жатыр. Әлемдегі геосаяси ахуал мың құбылып тұрғанына қарамастан, түркі елдері өсу мен өрлеудің

құбылысынан, дамудың даңғыл жолынан жаңылған жоқ, — деді Палата спикері.

Бүгінгі отырыс «TURKTIME: парламенттік дипломатияның рөлі» тақырыбына арналды. Ерлан Қошанов қазіргі аумалы-төкпелі заманда парламенттік диалог пен дипломатияға зор жауапкершілік жүктеліп отырғанына баса мән берді.

— Жаңа ғасырда парламенттік дипломатияның халықаралық қатынастардағы мәні арта түсті. Түркі дүниесінде де парламенттік дипломатия интеграцияның ажырамас бөлігіне айналды. Бұл ретте, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, ТҮРКПА-ның рөлі ерекше. Ұйымымыз заңнамаларды үйлестіретін институционалдық алаң ретінде толық қалыптасты. Осы орайда парламенттер арасындағы ықпалдастық

сенім мен тұрақтылықтың берік тірегі деуге болады, — деді Е.Қошанов.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері ТүркПА-ның қызметіне жеке тоқталып, парламенттік дипломатия арқылы халықаралық парламенттік ұйымдармен өзара ықпалдастықты күшейту, түркі елдерінің мүддесін алға тартып, басқа да форумдарда өкілдік ету, баршаға ортақ түркі мәдени мұрасын, дәстүрлер мен тілдерді сақтауға бағытталған бастамаларды ілгерілету және тәжірибе алмасу, тың идеяларды ортаға салу мақсатымен бірлескен парламенттік форумдар өткізу мәселесіне де назар аударды.

Сонымен бірге Ерлан Қошанов түркі парламенттерінің мақсат-міндеттері бұдан да ауқымды екенін айтты.

— Біздің парламенттеріміз де елдеріміздің ынтымағын тереңдетуге күш салып отыр. Аманат арқалаған депутат ретінде халықтарымыздың ниеті мен арман-мұратын жақсы білеміз. Әрине, ең әуелгі мақсатымыз — көшбасшыларымызға тірек бола отырып, тағдыршешті шешімдерді заңнамалық тұрғыда қолдау. Дегенмен Парламент заң қабылдайтын институт қана емес. Ол — ұлттарымызды ұйыстыратын, елдерімізді жақындастыратын, заңнамаларымызды үндестіретін алтын көпір. Біздің басты әрі тарихи миссиямыз осы деп ойлаймын, — деді Палата спикері.

Отырыста Түркі мемлекеттері парламенттерінің төрағалары мен байқаушылары және түркі ынты-

мақтастығы ұйымдарының жетекшілері сөз сөйледі.

Сондай-ақ күн тәртібіне Қазақстан төрағалық ететін кезеңде бірқатар ұйымдастырушылық мәселе енгізілді. Ассамблеяның Бас хатшысы болып Әзербайжан Парламентінің депутаты Рамиль Хасан сайланды.

Сонымен қатар Ассамблеяда Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар, Білім, мәдениет, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелер, Экономикалық ынтымақтастық туралы және Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссиялардың есебі мен ұсынымдары қабылданды.

Бұдан бөлек, жалпы отырыста «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттерде тұруға рұқсат беруді жеңілдету туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы», «Экономикалық қызметтегі таза энергия туралы», «Халыққа экологиялық білім беру және ағарту туралы» модельдік заң жобаларын қабылдады. Сондай-ақ пленарлық отырыс аясында парламентші әйелдер мен жас парламентшілер тобының жиындары өтті.

Жалпы отырыста ТүркПА-ның келесі XV басқосуын Қырғыз Республикасында өткізу туралы шешім шығарылып, Астана декларациясы қабылданды. Соңында ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің парламенттік делегацияларының басшылары мен ТҮРКПА-ның Бас хатшысы баспасөз брифингін өткізді.

М.ЖАСЫН

МӘЖІЛІС

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕЛГІЛЕНДІ



Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Мәжіліс бюросында жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Алдағы сәрсенбіде Мәжіліс депутаттары 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Жоғары аудиторлық палатаның есептерін тыңдайды. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, 2024 жылы республикалық бюджетке түскен түсім 19,9 трлн теңгені құрады. Бұл бекітілген жылдық жоспардың 97,5 пайызына тең. Бюджет кірісі 19,6 трлн теңге немесе жоспардың 97,2 пайызы орын-

далып, өсу қарқыны 103,1 пайызды құрады. Бюджет шығыстары 97,8 пайыз орындалып, 23,6 триллион теңге болды.

Сонымен қатар бюро отырысында Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның құрамы туралы мәселе қаралды.

КҮНШУАҚ

ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН ЖОБА

Павлодарда «AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының ұйымдастыруымен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған әлеуметтік іс-шара өтті. Оған бүкіл облыстан, соның ішінде шалғай ауылдардан келген балалар мен олардың ата-аналары қатысты. Ұйымдастырушылар көңілді бағдарлама, дәмді тәттілер мен естелік сыйлықтар дайындады.



Іс-шара былтырдан бері Әйелдер қанаты жүзеге асырып келе жатқан «Балана уақыт арна» жобасы аясында өтті. Бұл жоба балаларды қолдауға және отбасы институтын нығайтуға бағытталған. Балалар үшін аниматорлардың қатысуымен ойын-сауық бағдарламасы, түрлі байқаулар мен интерактивті ойындар ұйымдастырылды. Көптеген бала қызығушылықпен қатысып, ерекше әсер алды. Ата-аналар шараның жылы атмосферасын және ұйымдастырушылардың ықыласты көзқарасын атап өтті.

— Біз Аккулы ауданынан келдік, мұндай іс-шараға алғаш рет қатысып отырмыз. Бұл ұмытылмас әсер қалдырды! Қамқорлық пен көңіл бөлгендеріңіз үшін алғысымыз шексіз. Бұл біз үшін жай ғана мереке емес — бұл жалғыз емес екенімізді сезіну, — деп бөлісті ата-аналардың бірі Жұлдыз Мұқашева.

Мұндай іс-шаралар балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, мейірімділік, қолдау мен өзара құрметке негізделген әділетті қоғам құруға бағытталған нақты қадам болмақ.

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Елімізде бірқатар қылмыстық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы әзірленіп, Мәжілісте мақұлданды. Жобада «дропперлік» үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу, вейп өнімдерін заңсыз сату мен таратуға шектеу қою, сондай-ақ ерекше қорғалатын жануарлар мен өсімдіктерге қатысты құқықтық нормаларды нақтылау секілді маңызды мәселелер қарастырылған. Аталған заң жобасы азаматтардың қауіпсіздігін арттырып, құқықтық жүйенің заманауи сын-қатерлерге бейімделуіне жол ашады. Заң жобасының ерекшеліктері мен қоғамға әсері жайлы мәжіліс депутаты, Абзал Құспанмен сұхбат құрдық.



Абзал ҚҰСПАН,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшесі:

— Абзал Темірғалиұлы, ең әуелі қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мәселелері жөніндегі заң жобасының негізгі мақсаты мен оның қылмыстық процестегі қандай өзекті мәселелерді шешуге бағытталғанына тоқталып өтсеңіз.

— Қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық процестік, қылмыстық атқару кодекстерінің қабылданғанына биыл 10 жыл толған екен, сол 10 жыл ішінде 100-ден астам заң жобасы аясында 1000-нан астам өзгерістер мен толықтырылулар енгізіліп, ол өз кезегінде, қылмыстық заңнаманың тұрақсыздығына әкеп соқты. Бұл жағдайға орай құқыққолданушылар мен ғалымдар, тіпті мемлекет басшысы деңгейінде сын-пікір айтылды. Осыған байланысты, қазіргі заң жобасының ең басты мақсаты, ол — қылмыстық заңнаманы тұрақтандыру.

— Дропперлік ұғымын қылмыстық заңнамаға енгізуге қандай себептер негіз болды және бұл өзгеріс интернет-алаяқтықпен күресте қандай рөл атқарады?

— Заң жобасын әзірлеу кезінде бұл қылмысты «дропперлік» деп емес, қазақ немесе орыс тілінде өзгеше атау туралы ұсыныстар болды. Бірақ соңында «дропперлік» деген атау қалдырылды. Себебі бұл — ұлттық емес, халықаралық сипаттағы қылмыс. Дропперлер — бұл алаяқтарға, әдетте Қазақстаннан тыс жерлерде отырған қылмыскерлерге ақша аударуға көмектесетін адамдар. Елімізде интернет-алаяқтық деңгейі өсіп барады, бұл мәселе Мемлекет басшысының бақылауында тұр. Себебі миллиардтаған қаржы шетелге шығарылып жатыр. Жапа шегушілер саны көп. Көбіне зардап шегетіндер — әлеуметтік осал топтар, ең алдымен — егде жастағы азаматтар. Сондықтан біз азаматтарымыздың ақшасының шетелге заңсыз шығуына тосқауыл қойғымыз келеді.

Мұндай жағдай өте көп. Дропперлер көбіне әлеуметтік осал топтардың өкілдері — студенттер, жұмыссыздар, еңбек мигранттары. Бірақ олар — жаппай әрі ауыр қылмыстар жасауға сеп болатын негізгі құрал. Дәл осы адамдар болмаса, қылмыскерлер өз ойларын жүзеге асыра алмас еді. Сондықтан мұндай әрекеттерге тиісті құқықтық баға берілуге тиіс.

— Қылмыстық саясаттағы гуманизм қағидалары жайында айтып жүрсіз. Осыған орай мүгедектігі бар азаматтарға қатысты өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын қолданбау туралы өзгеріс енгізілді. Бұл бағытта тағы қандай өзекті мәселелер қаралды?

— Бұл — I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтар. Өзгеріс тек осы санатқа қатысты енгізіледі. Бұл — Қылмыстық кодекстегі гуманизм қағидатынан туындайды. Сондықтан осы норманы толықтыру қажет деп шештік.

Бізде өмір бойына бас бостандығынан айыруға балама — 25 жылға бас бостандығынан айыру. Бұл жаза жасына немесе мүгедектік тобына қарамастан қолданылуы мүмкін. Бірақ өмір бойына бас бостандығынан айыру мүгедектерге қолданылмайды.

Тағы бір түзету — мүгедек баланы тәрбиелеп отырған сотталған азаматтардың шартты түрде мерзімінен бұрын босап шығу (ШМБ) мүмкіндігі. Бұл да Қылмыстық кодекстегі гуманизм қағидаттарына және баланың құқығын қорғау мүддесіне сай қабылданған. Норма қарапайым көрінгенімен, көп пікірталас тудырды.

Нәтижесінде, біз қылмыс жасағанға дейін мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға қатысты болсын деген шешімге келдік. Егер адам расымен де мұндай баланы тәрбиелеп келсе, онда жазаның үштен бір бөлігін өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босап шығуға өтініш білдіре алады.

— Заң жобасында вейптерді сатуға, таратуға және жарнама лауға тыйым салу көзделгені белгілі. Бұл бастама қандай қоғамдық қауіптерге жауап ретінде ұсынылды және вейп қолданудың нақты қандай салдарлары ескерілді?

— Вейптерге қатысты қылмыстық жауапкершілік енгізілгеннен кейін еліміздің аумағында аса ірі көлемде вейп сақталған қоймалар анықтала бастағаны туралы ақпараттар түсе бастады. Полиция қызметкерлері оқиға орнына барып, анықтаса да, қазіргі заңнамада сақтау үшін жауапкершілік қарастырылмаған.

Вейптер Қазақстанға басқа елдердің аумағынан бір жолмен кіргізіліп жатыр. Тіпті, еліміздің өзінде де өндіріле бастаған. Қоймаларда аса ірі көлемде сақталып отыр — бұл барлық ірі қалаларға тән жағдай.

ҚОҒАМ

СҰРАНЫСЫНА ЖАУАП

Қолданыстағы заңнамада тек сату, тарату және кәсіпкерлік қызмет үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бірақ сақтау үшін — жоқ. Уақтылы осы мәселе ескерілмегендіктен, әріптестеріміздің өтініші бойынша қолданыстағы бапты толықтырдық — енді егер сақтау, тасымалдау немесе жөнелту сату және тарату мақсатында және айтарлықтай

сайланған депутатпын. Сол өңірде киіктерге қатысты мәселе өте өзекті. 2016 жылы киік жойылып кету қаупінде болған кезде Қытай олардың мүйізін белсенді түрде сатып ала бастады. Сол кезде киіктердің барлық бөліктерін, оның ішінде дериваттарын экспорттауға тыйым салынды.

2023 жылы киіктердің саны көбейіп, бұл ауыл шаруашылы-

Дропперлер – бұл алаяқтарға, әдетте Қазақстаннан тыс жерлерде отырған қылмыскерлерге ақша аударуға көмектесетін адамдар.

көлемде жүзеге асса, қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Санкция өзгермейді — ол вейпке тыйым салу туралы заңда көрсетілген деңгейде қалады.

Мұнда адамның ниеті маңызды. Егер курьер жеткізетін сәлемдеменің жалпы құны 50 АЕК-тен (196 600 теңге) асса, ол үшін жауапқа тартылуы мүмкін. Ал бұл сомадан аз болса — қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Жеке тұтыну үшін сақтағандарға ешқандай жаза қолданылмайды. Тек тарату мақсатында әрекет еткендерге жаза қолданылады.

— Сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерге қатысты жаңа бап не үшін қажет болды және бұл өзгеріс табиғатты қорғау ісінде қандай түбегейлі нәтиже береді деп күтілуде?

— Бұл — менің жеке бастамам. Мен Батыс Қазақстан облысынан

6-бабы бойынша, олар жергілікті сотқа жүгінеді, сот олардың бабын 339-1-ге ауыстырады. Материалдық шығын алынып тасталады және оларда шартты түрде мерзімінен бұрын босап шығуға немесе жазаны жеңілдетуге өтініш беру құқығы пайда болады.

— Занда қалыңдыққа қатысты жаңа өзгерістер бар. Осы мәселе жайында толығырақ айтып берсеңіз? Бұл өзгерістер азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне қалай әсер етеді?

— 1959 жылғы Қылмыстық кодексте мұндай бап болған. Бұл редакция 1997 жылға дейін қолданыста болды. Кейін бұл баптың қажетсіздігі немесе өзектілігін жоғалтқаны туралы шешім қабылданып, кодекстен алынып тасталды. Бұл жағдайдың ушығуына да әсер еткен болатын. Статистика бойынша соңғы кезде Қазақстанда қалыңдық ұрлау фактілері көбейіп келеді. 2019 жылдан 2023 жылға дейін Қазақстанда әйелдерді ұрлау фактілері бойынша 214 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған. Оның 94,3 пайызы (яғни 201 іс) қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылған. Себебі Қылмыстық кодекстің 125-бабында — адам ұрлау — былай деп көрсетілген: егер ұрлаған адам жәбірленушіні өз еркімен босатса, іс тоқтатылады.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында бұл мәселеге Мемлекет басшысы назар аударып, оған құқықтық баға беруді тапсырған болатын. Осыған орай депутаттар Мұрат Әбенев пен Марат Башимов заңнамаға өзгерістер енгізуді ұсынды.

Бұл жерде екі маңызды жаңа ереже бар. Біріншісі, 125-баптағы «өз еркімен босату» туралы ескертпе алынып тасталды. Қылмыстық кодекске жаңа 125-1-бап енгізіледі — қарапайым тілмен айтқанда, «қалыңдық ұрлау». Бұл ауыр қылмыс болып саналады. Баптың мазмұны мынадай: тұлғаны некеге тұруға мәжбүрлеу — күш қолданамын, мүлікті бүлдіреу немесе жоямын деп қорқыту, бопсалау, ар-намысына тиетін немесе жәбірленуші мен жақындарына зиян келтіретін ақпаратты таратамын деп қорқыту арқылы жүзеге асырылады.

— Сонымен қатар «сталкинг» жайлы норманы талқылау барысында қызу пікірталас болды. Депутаттар осыған қатысты қандай ортақ шешімге келді?

— Сталкинг — бұл адамның еркінен тыс түрде онымен байланыс орнатуға немесе аңдуға бағытталған, зорлықсыз, бірақ елеулі зиян келтіретін заңсыз әрекеттер. Жаңа 115-1-бап бойынша сталкинг үшін: 200 АЕК-ке дейін (786 400 теңге) айыппұл немесе дәл сондай мөлшерде түзету жұмыстары, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу жазасы қарастырылады.

Сталкинг — бұл бір адамның екінші адамға бақылау орнатуға тырысуы. Мысалы, жәбірленушінің телефонына, компьютеріне шпиондық бағдарлама орнату, жасырын камера қою, тыңдау құрылғыларын қолдану арқылы.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

КӨКЕЙКЕСТІ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Мемлекетіміздің алдына қойған алып мақсаттарының, жүзеге асқан жарқын істерінің болашақ иесі, игілігін көрер мұрагері – бүгінгі балдырғандар. Елдің ертең тізгінін қолына алатын да солар. Сондықтан әрбір баланың қауіпсіздігінің сақталуы, болашаққа сенімінің нығаюы, дамуы үшін орнықты ортаның құрылуы – тікелей ел басшылығының назарында. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың мемлекет үшін стратегиялық маңызды басымдыққа ие екенін жалықпай айтып жүр. Оның тапсырмасымен Үкімет және жауапты министрліктер кәмелетке толмағандардың жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырып жатыр.

БҮГІНГІ БАЛДЫРҒАН – ЕРТЕҢГІ ЕЛ ТІРЕГІ

А Айхан ШӘРІП
ЖАЗ ЖАЙНАТЫП,
КҮН КҮЛДІРІП...

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз!» деп оқу жылы аяқтала салысымен оқушылардың алғашқы легі лагерьге аттанды. Биыл оның түр-түрі ашылды: туристік база түріндегі классикалық лагерлер, киіз үй лагерлері, палаталық лагерьлер, мектеп жанындағы лагерлер, қала сыртындағы лагерлер, тіпті қонақүйлер ішіндегі лагерьлер бар.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, биыл жалпы саны 3,2 миллионнан астам бала жазғы демалыспен қамтылады. Бұл – ел тарихындағы рекорд. Мысалы, 2023 жылы – 2,76 млн, 2024 жылы 2,94 миллион оқушы лагерлік демалысқа қол жеткізді. Түлектерді қоспағанда, елде 3,7 миллион оқушы барын ескерсек, онда үлкен каникулда жас ұрпақтың басым бөлігі мемлекеттің шапағатына бөленуге тиіс. Министрдің мәліметінше, осы жылы оқушылардың жазғы демалысы үшін 191 кәсіби, 10 мыңнан астам мектеп жанындағы, шатырлы және киіз үй демалыс орындары жұмыс істеп жатыр. Олардағы орын саны 3,2 млн балаға есептелген. Сонымен қатар 936 мектептен тыс мекемеде 500 мыңнан астам бала қосымша біліммен қамтылады. Оның ішінде жазғы үйірмелер мен секциялар және жазғы дайындық мектебі бар.

Жолдағы қауіпсіздік мәселесіне байланысты әрі жол шығынан көп шығындалмау үшін бұған дейін батыстағы балалар – негізінен батыста, оңтүстіктің балалары – оңтүстікте демалатын. Қазақстанның унитарлы мемлекет екенін ескеріп әрі туған өлкені ғана емес, бүкіл Қазақстанды жас ұрпаққа таныту, отаншылдық сезімін ояту мақсатында бұл тәжірибе өзгереді. Үкімет басшысы Туризм министрлігіне балалар туризмінің географиясын кеңейтуді, бұл үшін әкімдіктермен өңіраралық өзара іс-қимылды жолға қоюды жүктеді.

Балаларға тек ата-анасы жауапты емес. Әкімдерге балалар лагерьлерінің лайықты жұмысын қадағалау, олардың санитариялық-эпидемиологиялық, өртке, терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін жеке бақылауға алу жүктелген. Денсаулық сақтау министрлігі – жазғы демалыс кезінде балалардың тамақтануын тұрақты санэпидбақылаумен қамтуға міндеттелді. ТЖМ алдына – су айдындары мен бассейндерді құтқару жабдықтарымен жарақтандырып, персоналды суда және өрт кезінде балаларды құт-



қаруға дайын ету міндеті қойылды. Ішкі істер министрлігі – қоғамдық тәртіпті сақтау үшін әрбір балалар орталығы мен лагерьіне, көпшілік іс-шаралар өтетін орындарға үшкелік полиция инспекторларын бекітуге жауапты.

ЕЛДІН БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ – БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ

Мемлекеттің балаларға қамқорлығы тек жазғы демалысына жәрдемдесумен аяқталмайды. Саламатты ұлтты қалыптастыру үшін жас ұрпақтың дені-қары сау болуға тиіс. Осы орайда республика бойынша алғаш рет барлық оқушыны әртүрлі маманнан құралған комиссиясының кешенді тексеруі тәжірибесі енгізілді. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, әр мектеп емханаға бекітілді және мектеп мейіргерімен 95% қамтылды.

– 2024–2025 оқу жылының қорытындысында оқушылардың 90%-ы профилактикалық тексеруден өтті, бұл былтырғы жылғы деңгейден 9%-ға жоғары. Балалардың динамикалық бақылаумен қамту 3%-ға өсті. Көбіне ас қорыту, көру, тыныс алу ағзаларының аурулары, сондай-ақ стоматологиялық проблемалар анықталады, – дейді елдің бас дәрігері.

Мектеп медицинасын жаңғырту шеңберінде келесідей шара жүзеге асырылып жатыр: біріншіден, білім ордаларындағы медицина маманының жүктемесі төмендетілді: бұрын 700 балаға 1 мектеп мейіргері бекітілуге тиіс болса, бұл мөлшерлеме 500 балаға дейін кемітілді. Екіншіден, 1 000-нан астам оқушысы бар мектептерде енді тіс ауруларының алдын

алу кабинеттері ашылады. Үшіншіден, бұдан былай әрбір емхана жанынан мектеп медицинасы бөлімшесі ашылады. Төртіншіден, кәсіптік тексерулер жүргізу тәртібі қайта қаралады және мамандардың біліктілігін арттыру қолға алынады. ДСМ дерегі бойынша әр бала дүниеге келгеннен медициналық бақылаумен қамтылған. Жыл сайын туғаннан 6 жасқа дейін 2 миллионнан астам бала скринингтен, 4,5 миллионы – профилактикалық тексеруден, 1,5 миллионы міндетті иммундаудан, екпе егуден өтеді.

Жаңа туған нәрестелерге ерекше назар аударылады. Қазақстан – Орталық Азияда неонаталдық көмек стандартын енгізген бірінші ел. Реанимацияда бір сәбиге бір медбикеден келеді. Сондай-ақ мың маманнан тұратын неонатологтар онлайн-қауымдастығы құрылды. Қазақстандық дәрігерлер салмағы 500 грамнан асатын жаңа туған бөбекті аман сақтауға тырысады. Төсек қорының 20%-ға ұлғаюы нәтижесінде туа біткен патологиясы бар сәбилерге жыл сайын 1,5 мыңға дейін ота жасалады. Отадан кейінгі өмір сүру деңгейі 93%-ға жетті.

Мұның сыртында Денсаумин басшысының мәліметінше, балалар медицинасын цифрландыру, автоматтандыру үшін заманауи IT-шешім енгізіліп жатыр. Ол вакцинациялауды және тексеруді жоспарлауға, балалардың өтінішін онлайн тіркеуге, eGov және sms арқылы ата-аналармен 1414 нөмірімен байланыс орнатуға бағытталған. Сондай-ақ балалар денсаулығына қатысты деректерді «Күнделік», Bilim.Class, «Білім ал» EDUS.Mektep жүйелерімен интеграциялау пысықталады. Баласы-

ның е-күнделігін тексеретін ата-ана мектептегі кешенді тексеру барысында баласынан не анықталғанын да біле алады.

Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымдары 2025 жылдың басынан барлығы 191 мектепті, оның ішінде 54 ас блогын тексерді. Неге аз? Ведомство түсіндіруінше, заңнама бизнес субъектілерін көп тексеруге тыйым салады екен. Сондықтан биыл былтырғыға қарағанда тексеру саны 23 есеге азайыпты. Өткен оқу жылында тексерулер прокуратура органының тапсырмасымен жоспардан тыс тәртіппен жүргізілді. Соның өзінде биыл көптеген жүйелі бұзушылық әшкереленді. Оның ішінде мектеп пен асханасының апаттық ғимаратта орналасуы, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болмауы, мектептердің шамадан тыс жүктелуі, санитарлық-техникалық жағдайлардың нашарлығы және басқасы бар. Нәтижесінде, 150 ұйғарым берілді, 12 млн теңгеден астам айыппұл салынды, жауапты 31 адам жұмыстан шеттетілді, 6 іс сотқа берілді.

жұмыс істейді. Психологиялық қолдау орталықтарының да рөлі маңызды. 2024 жылы 250 мыңнан астам оқушы мен ата-анасы көмек алды. Медиация қызметтері, балалар омбудсмендері жұмыс істейді.

2024 жылы бала құқықтарын қорғаудың құқықтық жүйесін нығайтуда елеулі өзгеріс болды. Құқықтық база едәуір күшейтіліп, балаларды қорғаудың пәрменді тетіктерін енгізуге ықпал еткен 3 негізгі заң қабылданды. Кәмелетке толмағанды қорлау үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді, баланы қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіруге тыйым салынды, балаларға қарсы қылмыстар жазасы күрт күшейтілді.

2019 жылдан бері Қазақстанда 1 200 жаңа мектеп ашылып, 1 миллионнан аса оқушыны орынмен қамтыды. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында елімізде 460 мың оқушыға арналған 217 мектептің құрылысы жалғасты. Былтырдан бері 105 мектеп пайдалануға берілді, оның 44%-ы ауылда. Тағы 112 «жайлы мектеп» жыл соңына дейін аяқталады. 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 93,1%-ды құрайды, балабақшаларға кезек 2 есеге азайды. 2025 жылы балабақшамен қамтуды 95%-ға дейін ұлғайту жоспарланған. Осы мақсатта жаңадан 64 мың орын ашылады.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН – БОЛАШАҚҚА ИНВЕСТИЦИЯ

Президент былтыр іске қосылған «Ұлттық қор – балаларға» жобасына былтыр 2006 жылдан 2023 жылға дейін қоса алғанда туылған 6 919 131 бала қатысты. Қаржы министрлігінің мәліметінше, олардың әрқайсысына 100,52 доллардан аударылды. Жас ұрпаққа былтыр жалпы сомасы 695,5 миллион доллар берілген. Бұл балалардың жалпы санынан 304 815 адам 2024 жылы 18 жасқа жетті, оларға жалпы сомасы \$30,6 млн аударылды. Биыл қатысушылар саны 6 921 035 балаға дейін өсті, оның 324 430-ы биыл 18 жасқа толады. Осы жолы әр балаға 129,38 доллардан тиді. Сөйтіп, бағдарламаға екі жылдан қатысып келе жатқан балаларда инвестициялық кірісті қоса есептегенде, жинақтардың жалпы сомасы – \$232,94. Ұлттық қордан берілген жәрдемі сома – \$1,5 млрд.

«БЖЗҚ» АҚ бас маманы Меруерт Исабекованың айтуынша, 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша былтырдан бері кәмелетке толған балалар 13,34 млн долларын нысаналы мақсатқа пайдаланып үлгерді. Осы соманы 108 694 бала игерді. Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 7,95 млн доллардың 64 325 өтініші, білім алу ақысын төлеу үшін 5,38 млн доллардың 44 369 өтініші орындалды. Тарата айтқанда, 4,79 млн доллардың 39 065 өтініші қазақстандық оқу орнына түсу ақысын төлеуге жұмсалған. 437,15 мың доллар тұратын 3 935 өтініш иесі ол қаражатын шығындамай, білім алу үшін жинақтау депозитіне аударған. 122,91 мың доллардың 1 113 өтініш иесі шетелдік оқу орындарына қабылданыпты.

Қорыта айтқанда, Қазақстан өзінің мемлекеттік саясатының маңызды басымдығының бірі ретінде өскелең ұрпақтың сау-саламатты, білімді, қауіпсіз және жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауды бекітті. Және сол міндетін абыроймен атқарып келеді.

БІЛІМ МЕН ҚАУІПСІЗДІК – ДАМУДЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Бүгінде елімізде 6,9 млн бала тұрады, оның 3,9 миллионы мектепте, 556 мыңы колледжде, 1 миллионнан астамы балабақшада. Оларға қамқорлық әрбағыттан байқалады. Президент тапсырмасымен, білім ошақтарын және колледждерді бейнебақылау камераларымен жабдықтау, сырттағы дәретханаларды ғимарат ішіне көшіру, лицензияланған күзет қызметін енгізу сияқты балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау іс-шаралары атқарылды. Дабыл түймелері мен турникеттер орнатылды, қауіпсіздік нұсқаулары күшейтілді. 2025 жылдан мектептер мен колледждерде «111» байланыс орталығына жылдам жүгіну үшін QR-кодтар енгізілді. Жыл басынан 77 мыңнан астам өтініш түсті. Буллинг үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді. Бүкіл ел бойынша буллингке қарсы финдік Kiya және отандық ДОСБОЛLiKe бағдарламалары

РЕПОРТАЖ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ТАЗАЛЫҚ – ТӘРТІП пен ТӨЗІМ ЖЕМІСІ

Сағат таңғы жеті. Қала енді ғана ұйқысынан оянып жатыр. Ал елорда тазалығына жауапты мамандар үшін күн әлдеқашан басталып кеткен. «Астана Тазалық» ұйымының Ақжол көшесі, 49/2 мекенжайындағы базасына бас сұққанымызда, арнайы форма киген жүздеген жұмысшының жолға дайындалып жатқан кезіне тап келіппіз.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Бірі техникасын тексеріп жатса, енді бірі медициналық бақылаудан өтуде. Жұмысқа кіріспес бұрын арнайы құрылғы арқылы әр қызметкердің қан қысымы, дене қызуы, тіпті қан құрамындағы алкогольдің бар-жоғы өлшеніп, нәтижесі автоматты түрде тіркеледі. Бұл — көлікке отырар алдында адамның қауіпсіздігін, жұмысқа жарамдылығын анықтайтын басты саты. Сол сәтте механиктер де қарап жатпайды. Әр көліктің жағдайын мұқият тексеріп, ең ұсақ тетігіне дейін қарап шығады. Жарық шамы жанып тұр ма, су шашу жүйесі дұрыс жұмыс істей ме, тежегіш дер кезінде ұстай ма — бәрі басынан аяғына дейін сүзгіден өтеді.

«Астана Тазалық» ұйымының баспасөз хатшысы Қымбат Бакыткелдінің айтуынша, мекеме құрамында 400-ге жуық арнайы техника бар екен. Біз барған күні 729 адам еңбекке шықты, оның 615-і күндізгі, 114-і түнгі ауысымда жұмыс істеді. Қаланы күні-түні аралайтын 342 техника — тіршілік тамыры іспетті: 188-і



күндіз, 154-і түнгі ауысымда қызмет көрсетеді.

Жұмыстың басталуын сырттай бақылау — бір бөлек те, оның ішінде жүру — мүлде басқа дүние. Осынау қарбалас процестің артында үлкен тәртіп, темірдей жүйе, сағат сайын есеп беруді талап ететін қатаң жауапкершілік жатыр. Мұнда әр қимылдың өз уақыты, әр қозғалыстың өз ережесі бар — бәрі де қаланың тынысымен үндесіп, көзге көрінбейтін еңбектің үнсіз симфониясын құрайды.

КӨШЕНІҢ КӨРКІ – КҮНДЕЛІКТІ ЕҢБЕКТЕ

«Астана Тазалық» ұйымының сары көлігіне отырып, жүргізуші Серік Бекмағанбетовпен бірге қала көшелеріне шықтық. Темір тұлпарымыз — су шашуға арналған арнайы техника. Жолға шығар алдында Серік ағаға қай көшелерге су себу керектігі туралы нақты нұсқаулық пен маршрут берілді. Бүгінгі бағыт — Байқоңыр ауданына қарасты Тәшенов және Республика көшелері.

Көлікке отырмас бұрын су толтырып алуға барамыз. Бұл жерде де кезек бар екен. Арнайы колонка жанында жекеменшік компаниялардың көліктері де сап түзеп тұр. Жүргізушілер бірін-бірі жақсы таниды, «Ассалаумағалейкүм!»

деп қауқылдасып, әзілдесіп те қояды. Цистернаға 7000 литр суды толтырып алып, біз де қозғалдық. Көлік салонының өзі шағын бір басқару орталығын еске салды. Панель толы батырмалар: бірін бассаң — сыпырғыштар айналады, екіншісімен су шашасын, үшіншісі шаң

бәрі үлкен жауапкершілікпен атқарылатын іс», — дейді ол.

Асфальт жолмен алға жылжып, су шашып келеміз. Су шашылған тасжол әп-сәтте салқындап, топырақтың жағымды иісі бірден мұрнымызға келді. Жаяу жүргіншілер мен көлік тізгіндегендер бізге қызыға көз тастап, жол шетіне ығысып жатты. Құдды қала бір сәтке тыныс алып, еңсесін тіктеп қалғандай күй кештік.

толтыруға тура келеді. Бір күнде 3-4 рейске дейін шығамыз. Біз жүріп өткен соң-ақ артта қалып жатқан көшенің өңі өзгеріп сала береді — тозаң басылып, асфальттің түсі қоюланады. Сол кезде өзіңнің пайданды көзбен көріп, іштей риза болып қаласың», — дейді Серік аға жымылып.

Бір қарағанда, көлікке мініп алып, қажетті тетікті қосып, көшеге су сеуіп шығу — оңай шаруа сияқты көрінуі мүмкін. Алайда бұл істің де өзіндік қиындығы мен жауапкершілігі бар. Мұны шын мәнінде сол еңбектің бел ортасында жүрген адам ғана түсінеді.

«Су шашып келе жатқанда, кейде жол бойындағы жаяу жүргіншілер артына қарамай, алаңсыз өте шығады. Ондай сәтте біз үстіне су шашырап кетпеуі үшін міндетті түрде дыбыс белгісін беріп, ескертуге тырысамыз. Көлігін енді ғана жуып шыққан жүргізушілердің қабағынан ренішті байқайтын кездер де болады. Су тамшысымен бірге жол жиегіндегі ұсақ қиыршық тас көлікке тиіп кетпесін деп те барынша абайлаймыз», — дейді кейіпкеріміз.

ӘР МАУСЫМНЫҢ ӨЗ ҚИЫНДЫҒЫ БАР

Серік Бекмағанбетов — бұл қызметке бір жыл бұрын келген. Қаланың қай көшесінде қандай шұңқыр бар, қай жолда жиі кептеліс болады — бәрін жатқа біледі.

«Басында бұл істі жай ғана көлік жүргізу деп ойладым. Бірақ

тазалықтың артында темірдей тәртіп, қатаң жүйе жатыр екен», — дейді ол күлімсіреп.

Бүгінде көліктің әр бұрандасы мен тетігін шемішкеше шағады. Таң атпай тұрып, жолға шығуға, ауа райына қарамай жұмыс істеуге әбден дағдыланған.

«Қысы-жазы жұмыс бірдей емес. Әр маусымның өз қиындығы бар», — дейді Серік аға. Қыс мезгілінде көліктер тізбектеліп, колоннамен жүреді. Бірі қарды итеріп өтсе, екіншісі сыпырып алады, сонынан үшіншісі қарды жинайды. Бұл — нақты үйлесім мен бірқалыпты қозғалысты талап ететін командалық жұмыс. «Бір көлік сәл баяуласса, арттағы бәрі кідіріп қалады. Сондықтан үнемі сергек болуың керек», — дейді ол.

Ал жазда жұмыс басқаша: шаң басқан көшелерге су шашып, ауада қалықтап жүрген тозанды басу керек.

«Ауа құрғақ болса, жол жиегіне шаң тез жиналады. Әсіресе, құрылыс маңындағы көшелер тез кірленеді. Су жетпей қалса, қайта барып

ЖАНКЕШТІ ТІРШІЛІКТІҢ БЕЛГІСІНДЕЙ...

Тынымсыз тазалық қызметкерлерінің еңбегі көзге көп байқала бермейді. Алайда дәл солардың табанды тірлігі болмаса, бүгінгі Астананың келбеті басқаша болар еді. Біз жүргізуші Серік Бекмағанбетовпен кешкі алтылар шамасында базаға оралдық. Аулаға кіреберісте жұмысын тәмамдаған көліктер біртіндеп кезекке тұрып жатыр. Біреуінің суы таусылыпты, екіншісі майын тексертуге бет алған. Жүргізушілер шаршағанымен, бәрінің жүзінде әлдебір тыныштықтың табы бар.

Серік аға көлігін жаймен тоқтатып, қозғалтқышты сөндірді. Біраз отырды. Сосын баскиімін шешіп, маңдайын сүртті. Сұр түсті, шеке тұсында «Астана Тазалық» логотипі бар, жиегі тер сіңіп, ақшыл тартқан баскиімін — күні бойғы тынымсыз еңбектің белгісіндей, иесінің жанкешті тіршілігін үнсіз-ақ баяндап тұрғандай.

Көліктен түсе сала Көріпестерімен аз-кем тіл қатып, механиктерге көлікті тапсырды. Ауладағы шағын үстел маңында бірнеше жүргізуші шай ішіп отыр екен. «Бүгін қай аудан қиын болды?», «Суға неше рет бардың?» — деген сұрақтар төңірегінде бір күннің есебі беріліп жатыр.

— Бізге ешкім «ракет» демесе де ренжімейміз. Ең бастысы, көше таза, адамдар риза жүрсе болды, — деді кейіпкеріміз сабырлы үнмен.

Кешкілік базадағы қозғалыс біртіндеп саябырсыды. Күнұзақ дамыл көрмеген техника енді демалады. Ертең бұл сары көліктерді тағы да таң бозынан қауырт жұмыс күтіп тұр.



ОЙТОҒЫС

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

— Атаңыз бен әкеңіз де құсбегі, ел аузында аты аталған халық күйшісі болыпты. Сіздің өнер жолын тандауыңызға не әсер етті?

— Мен атамды көрмедім. Бірақ атамның көзін көргендер «сенің атаң керемет күйші еді» деп тамсанып айтады. Сонымен қатар әкеме құсбегі өнері атамнан және арғы нағашыларынан беріліпті. Бұл өнер атадан балаға жалғасқан дүние болғандықтан, бізге дарыды деп ойлаймын. Қазір ағам Жетісу облысы, Ақарал ауылында құс салып, саятшылықпен айналысып жүр. Қаршығасын жыл бойы қолынан тастамайды. Қаршыға немесе бүркітті түзден ұстап әкелген кезде ұйықтатпай баптайды. Мұны құстың «ұйқысын алу» деп атаймыз. Құсты арқанмен байлап, ұйықтай бергенде сол арқанды қайта-қайта қозғап, ұйықтатпайды. Міне, құсбегілікте де осындай қиындықтар бар. Соның бәріне шыдау да ерлік. Ал құс салмаса ағамыз ауырып қалады. Жалпы, өнер мен құсбегілік адамға қонса, оны балаша аялап ұстау керек. Сондай ортада өскеннен кейін күйші болмау мүмкін емес қой. Әкем де домбыраны, аккордеонды керемет тартатын. Бала күнімізде татардың халық әндерін нақышына келтіріп жырлайтын. Ауылдағы тойдың бәрінде біздің әулеттен бір адам міндетті түрде күй тартатын. Мен өскен ортаны сипаттасам, көз алдыңызға XVIII ғасырдағы көшпелі мәдениет елестейді. Өнерге, мәдениетке келуіме орта да әсер етті.

КҮЙ — АДАМЗАТТЫҢ ЖАНДЫ МҰРАСЫ

— Қазақ халқының күй өнерінде бес негізгі күй мектебі қалыптасқан. Әрқайсысының өзіне тән орындаушылық ерекшелігі, тілдік мәнері, тақырыптық сипаты бар. Жалпы, күй мектебі сол өңір халқының дүниетанымымен байланысты ма?

— Қазақ күй мектебін академик Ахмет Жұбанов бастап жазды. Ақселеу Сейдімбек ағамыз да докторлық диссертациясын күйшілік туралы қорғаған. «Қазақтың күй өнері» деген еңбегі бар. Күйтану, өнертану саласы бұл кітапты әлі күнге дейін пайдаланып жүр. Сол ғалымдарымыз зерттеген 5 күйшілік мектеп қазір 7 мектеп болып қалыптасты. Қазақтың этникалық рулық қоныстану ерекшелігі бар. Қазақстанның қай территориясын қарасаңыз да рулық қоныстануды айқын байқайсыз. Батыста кіші жүз, Жетісуда ұлы жүз көп дегендей. Бесік жырдан бастап, тұрмыста айтылатын кез келген әндер біздің кәсіби өнерімізге әсер еткен. Орта, табиғат, төрт түлік сынды қазақпен қатар өмір сүрген факторлардың барлығы күй өнеріне ықпал еткен. Мысалы, Монғолия, Қытай, Шығыс Қазақстандағы қазақтың күйлерінде тау, жылқы, жан-жануар, аң-құс туралы «Ақсақ марал», «Кербұғы», «Ақсақ аю», «Жорға аю» сынды өздері қоныстанған өңірлік ерекшеліктеріне байланысты туған күйлер бар. Тақырыптық және мазмұндық жағынан да сондай. Тіпті, «Бүркіт», «Аю» білі де бар. Мысалы, Өзбекстанда, Маңғыстауда өмір сүретін қазақтарда түйеге, құмға байланысты

Қазақ халқы күй арқылы тек өнер тудырып қана қоймай, терең мазмұн, тарихи дерек, тіпті сезім мен хабар да жеткізген. Мысалы, аңға шыққан Жошы хан қаза табады. Алайда бұл хабарды әкесі Шыңғыс ханға бірден айтуға ешкімнің дәті бармайды. Сонда Кетбұға домбырасын алып, күй тартып отырып, күй арқылы Жошының қазасын білдіреді. Күйдің ішкі мұңы мен драмалық иірімдерінен Шыңғыс хан ұлының қазасын түсінеді. Бұл күй кейін «Ақсақ құлан» деп аталып кеткен. Осылайша, күймен түсініскен ата-бабаларымыз үшін домбыра-қазақтың жанына, күй — мұрасына айналған. Біз қазақтың жоғалған күйлерін зерттеп жүрген белгілі күйші Ардаби Мәулетұлымен сұхбаттастық.

күйлер бар. Мағыстаудың күйлерінен соғыстың, көтерілістің қайғы-қасіреті бірден білініп тұрады. Көкшетау, Арқа жерінде өмір сүрген Ақан Сері, Біржан салдың әндері кен жазира сахарда шыққаны білінеді. Міне, музыкаға адамның өмір сүрген аймағы осылай әсер етеді.

Ардаби МӘУЛЕТҰЛЫ, күйші-зерттеуші:

АБАЙДЫҢ КҮЙІНЕ ҚАРАЙТЫНДАР

Соңғы кезде батыстың күйі тек рухты, жауынгерлікке жақын деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Күйдің түпнұсқа орындауларын тыңдасаңыз сол күйлер сабырлы, баппен, философиямен, асықпай көңілге қонымды етіп тартылған. Қазір оркестордың нұсқасын тыңдап, соған құлағы үйренген адам батыстың күйін басқаша түсініп жүр. Динаның, оркесторға дейін сол күйлерді жеке орындауда жеткізген күйшілердің орындауы мүлдем өзге. Мысалы, «Адай» күйі қызға арналған деген тарих та бар. Оркестор мәдениеті келгелі, халық күйде «ұрда-жық» деп қабылдап жүр. Батыстың қазағы тек аттың үстінде жүріп, басқа жақтағы қазақ үйде жатты деген

статистика қазір де өзгермей 1,5 миллион болып тұр. Не өшпейді, не өспейді. Бірақ мен Қытайда 4,5 миллион қазақ бар деп естимін. Өйткені соңғы отыз жылда ол жақтағы қазақтар жаппай шежіре шығарды. Сондай бір қауым елде ежелден қалыптасқан үлкен мәдениет, өнер бар. Ол жақтағы ағайынның күй өнерінің өзі Алтай, Тарбағатай, Іле деп үш аймаққа бөлінеді. Ал Монғолиядағы қазақтарда сыбызғы күйлері де жеке мектеп ретінде қалыптасқан. Қа-

жүр. Бұл да қате пікір. Күйді орындау ерекшелігіне байланысты «шертпе күй», «төкпе күй» деп бөліп қараған. Одан ешкім ұтылмайды. Керісінше, қазақ күйінің осындай тарихының, түрінің алуандығы ешкімге зиянын тигізіп жатқан жоқ. Мысалы, әлемде бірнеше нәсіл, жүздеген ұлт болса да, барлығы — адам. Сол сияқты күй қай өңірден шыкса да, қалай орындалса да ол — күй. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұрасына қазақтан 14 элемент кірген. Соның бірі — күй. Соны олар «адамзаттың жанды мұрасы» дейді. Күй — тірі өнер.

РУХАНИ МҰРАМЫЗ КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖИНАЛМАДЫ

— Музыкадану ғылымына белгісіз болып келген Абай Құнанбайұлының «Ақтолқын», Бейсенбі Дөненбайұлының «Кеңес», Әшім, Тергеусіз Бөлекейұлының «Теріс қақпай» қатарлы көптеген күйін қайта жаңғырттыңыз. Сол жайлы айтып беріңізші?

— Абайдың әндерін бүкіл қазақ ұйып тыңдайды. Бірақ сол адамдар Абайдың әнін түсінбесе де, түсінгенсіп пікір айтады. Ән жазған Абай — музыкант. Музыкадан хабары бар адам. Бірақ көп адам Абайдың күйіне күмәнмен қарайды. Ол заманда Абайдың ауылында рояль, фортепиано да болмаған. Ол барлық әнді домбырамен шығарған. Домбыра тартып, ән шығарған Абайдың күй шығарға-

нына күмәнмен қарайтын адам көп. Егер Абайдың музыкадан мүлдем хабары жоқ адам болса, күмәндансақ болады. Ал ән шығарған адам, күй де шығара алады. Бұл дәстүр Кенен Әзірбаевтан, Манарбек Ержановтан басталған жоқ. Арғы тарихымызда ән де, күй де шығарған адам көп болған. Абайдың «Ақтолқын» Қытайдағы қазақтардың арасынан таптым. Әшім сынды күйшілер XIX ғасыр мен XIX ғасырдың бас кезінде Іленді бойында өткен күйшілер. Сол Әшім тартқан Абайдың «Ақтолқын» деген күйі болыпты. Оны осыдан он жыл бұрын экспедицияда жүргенде Әшімнің өзінен үйренген шәкірттерінен видео жазып алып, ютубқа жүктеп қойыппын. «Абай қайда? Іледегі қазақ қайда? Бұл күй ол жаққа қалай жеткен?» деп күмәнмен қарайтын да бар. Абайдың інісі Шәкәрімнің Зият деген баласы сол Қытай топырағында қайтыс болған. Ол мәдениет таратты, өнер таратты, ағартушылықпен айналысты. Әсет Найманбаев та сол жаққа барып күй тартқан. Өзі де сол топырақта жерленген. Сонау 1920 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және Райымжан Марсековтардың Тарбағатайдың Бақты шекарасынан өтіп, Жайырмадағы елге барғанын да білеміз. Адам барған жерге өнер де бармай ма? Осы күйді тауып 2020 жылы Egemem Qazaqstan газетіне жарияладым. Жалпы, газет тарихында нота баспаған екен. Бірақ Абайдың мұрасы болғандықтан,

Қазақта күй мектебін академик Ахмет Жұбанов бастап жазды. Ақселеу Сейдімбек ағамыз да докторлық диссертациясын күйшілік туралы қорғаған. «Қазақтың күй өнері» деген еңбегі бар. Күйтану, өнертану саласы бұл кітапты әлі күнге дейін пайдаланып жүр. Сол ғалымдарымыз зерттеген 5 күйшілік мектеп қазір 7 мектеп болып қалыптасты.

кисынсыз. Осы даланың барлығы да жаугершілікті бастан кешірген. Бір күйде Динаның орындауында, кейін оркестордың орындауында тыңдасаңыз да өзіңіз айырмашылықты бірден байқайсыз.

— Ал шетелдегі қазақ күйі несімен ерекшеленеді? Ол жақта да қазақ күй мектебі қалыптасқан ба?

— Әрине, қалыптасқан. Мысалы, Қытайдағы қазақтардың ресми саны осыдан отыз жыл бұрын 1,5 миллион болатын. Сол

зақтың әр аймағынан шыққан күйдің айтар ойы, өз тарихы бар. Біреуін артық, біреуін кем көру сауатсыз адамның пікірі. Сондықтан күйге тұтас ұлттық бірегейлік тұрғысынан қарауымыз керек. Күй — қазақтың музыкалық байлығы. Күйдің фактурасына, орындау мақамына, құрлысына байланысты бір-біріне ұқсамайтын ерекшелік көп. Соңғы кезде «шертпе күй деген жоқ» сынды алыпқашпа әңгімелер шығып

ОЙТОҒЫС

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Egemen Qazaqstan-ның сол кездегі басшысы Дархан Қыдырәлі нота басты. «Мен «Ақтолқынды» Абайдың басқа күйлерімен салыстырып талдаулар жасадым. Бірақ күмәнмен қараған адам көп болды. Қазақтың ежелгі күйлерінің ешқайсы қолжазбамен тараған жоқ. Құрманғазы мен Динаның да қолжазбасы қалған жоқ. Олардың күйі шәкірттері арқылы жеткен. Сондықтан мен Абайдың күйіне күмәнмен қарайтын адамдарды, әніне де күмәнмен қарайды деп есептеймін.

Жоғарыда айтқанымдай, Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары бір-бірінен мындаған шақырым қашықтықта орналасқан. Әр өңірдің өз күй мектебі мен күйшілері бар. Күйлері Алтай өңірінде тараған. Бірақ Санжы облысына жасаған экспедициямда Бейсенбі Дөненбайұлының күйлерін таптым. Бейсенбінің күйлері «Кенес 1», «Кенес 2» деген атаумен жалғаса береді. Сол «Кенестердің» ішінен диапозоны кең, фактурасы жақсы сақталғаны осы Құтыби жерінен келген Әбікен Халелұлынан Текеліде жазып алғаным. Ал

теп-зерделеп жеткізген Уәли Бекенов те қазақтың күй өнеріне бір кісідей төрелік айтқан күйші-зерттеуші екені бәрімізге аян. Бұл күйлер де сол арнайы ел ішінен іздеу-жинау жұмыстары кезінде табылған олжалар. Абайдың заманында үш ішекті домбыра ұстағаны туралы ақынның көзін көрген көнекөздердің тәлімін алған шежіре ақсақал Шәкір Әбенұлының да айтқан деректері бар екені баршаға белгілі.

— Мен Абайдың күйлері бар екенін жақында ғана білдім. Жалпы, көп адам бұдан бейхабар сияқты. Абай күйлері қалай насихатталып жүр?

— Абайдың әнін жалпы қазақ біледі. Тіпті, әлемге танылған. Бірақ Абайдың күйлерін іздеу, зерттеу жағы кезінде ақсап қалды. Қазақ музыкасын шынайы жана-шырлықпен зерттеген Б.Ерзаковичтің өзі Абайдың ән-күй мұрасын толығырақ жинап, зерттеу үшін әлі де экспедициялар ұйымдастыру керектігін баса айтқан. Сондықтан Абайдың музыкалық мұрасы қазақпен бірге жасай беретіні анық.

тік бағдарламасы аясында да бұл жұмыстар қамтылмады. «1000 ән, 1000 күй» жобасы «Мәдени мұраға» дейін мұрағатта шаң басып, жиналып тұрған жұмыстың нәтижесінде шыққан. Мәдени саясаттың бір бөлігі ретінде осы мәселені

ғали аға «Ардабидің шертпесі» деп атады. Бұл қызым дүниеге келгенде, соның тәтті қылығына қарап арнап шығарған күй болатын. Несіпбек Айтұлы ағамыздың қасында көп жүрдім. «Күй тартып бер, жолдас бол» деп қайда барса



Қазақтың әр аймағынан шыққан күйдің айтар ойы, өз тарихы бар. Біреуін артық, біреуін кем көру сауатсыз адамның пікірі. Сондықтан күйге тұтас ұлттық бірегейлік тұрғысынан қарауымыз керек.

қолға алу керек. Сонда әлі талай күйлеріміздің жарыққа шығатыны анық.

— Айтпақшы, қазақтың күй өнері ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне кіргенін білеміз. Қазір осы тізім өзгерді ме?

— 2014 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралары тізіміне ең бірінші «күй» енді. Кейін киіз үй жасау, сұңқармен аң аулау,

да қасында ертіп жүретін. Нес ағандай тәуелсіздікті жырлаған, 40-қа жуық поэма жазған ақын кемде-кем. «Бостандық жырдың бозжорғасы» деген аты да бекер емес қой. «Несіпбек» деген күйімді Нес ағама арнадым. Күй аттың желгені сияқты жеңіл, жорға. Ақындықтың болмысын, қасиетін өзімше осы күйге кіргіздім. Ұстазым Таласбек Әсемқұловқа «Таласбекке арнау» деп күй арнадым.

МУЗЫКА ПӘНІНІҢ АТЫ БАР, ЗАТЫ ЖОҚ

— Интернетте «Ардаби Мәулетұлының домбыра үйрену бейне сабақтары» деп домбыра үйренушілерге тегін сабақ ұсыныпсыз. Жалпы, домбыра үйренудің жас шектеуі бар ма? Әлде, қабілеті болса, кез келген азамат үйрене ала ма?

— Домбыраға қызықпайтын қазақ жоқ. Әр қазақ қолынан келгенше домбыраны қолына алып, бір әуен болса да тартқысы келеді. Қазақтың деген адамды домбыраның үні баурамай қоймайды. Бірақ көп адам домбыраны тарта алмайды. Неге? Себебі күйшілік адамға қанша берілетін қасиет. Домбыраны шынайы сүйіп, жанын салып, ниеттенсе домбыраны кез келген адам үйрене алады. 5-6 жастан бастап баланы домбыраға берген дұрыс. Ал оған дейін ол домбыраны «ағаш ат» деп ойлауы мүмкін ғой. 30-40-қа келген адамның саусақтағы буындары қатып қалады. Сондықтан домбыраны жастайынан үйренген дұрыс.

— Қазір мектепке домбыра сабағын кіргізу туралы жиі айтылып жүр. Бұған қалай қарайсыз?

— Мектепте салауатты өмір салтын сақтау үшін «дене шынықтыру сабағы» бар. Сонымен қатар баланы ізгілікке ұмтылдыратын, эстетикалық талғам қалыптастыратын «музыка» пәніне де маңыз беруіміз керек. 40-тан астам ұлттық аспаптың бірін осы мектепте үйрете алмасақ, онда музыка пәнінің не керегі бар? Бүкіл қазақ жақсы көретін домбыраны мектепте тегін үйретуіміз керек. Ата-ана ретінде айтам, мектептердің басым бөлігінде музыка пәнінің аты бар, заты жоқ. Баланы өтірікке тәрбиелеп, конкурспен алдап жүр. Шынайы музыка мектепте де, түрлі байқауда да жоқ. Қазақтың күйі консерваторияда, музыкалық жоғары оқу орындарында ғана үйретілмеуі қажет. Эстетикалық талғам әр оқушыға керек. Мұхтар Әуезов: «музыкаға құмар баланың

жаны сұлу болып өседі» дейді. Тарихымыздағы небір классиктер де, Қаныш Сәтбаев та тек өз саласымен айналысып қана қоймай, түрлі жиында домбыра да тартқан. Ал күй шерте алмағандары Мұрын жыраудың, Дина апамыздың күйлерін түсіруге көмектесіп, мұрағатқа сақтап отырған. Міне, өнерге деген құрмет осындай болуы керек. Қазіргі мемлекеттік жүйеге жетіспейтін де — осы.

— Қазір домбыраның түрі де, түсі де көп. Дегенмен домбыра тандағанда неге баса мән берген дұрыс?

— Жоғарыда айтқанымдай, аймақтық орналасуымызға байланысты ән-күйімізде де, ұстаған аспаптарымызда да ерекшеліктер бар. Арқа, Жетісу, Шығыс Қазақстан облыстарында «Абайдың домбырасы» деп айтылатын қалақ домбыралар кең таралған. Батыс Қазақстан, Сыр бойында үш ішекті, шаңақты домбыралар болған. Кейін Ахмет Жұбанов атамыз Құрманғазы оркесторын құрып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен әртістерді шақырады. Сонда әр күйші әр өңірдің домбырасымен келіпті. Олардың формасы да, пернелік саны да әртүрлі болған. Содан Ахмет Жұбанов қазақ домбыраларын пернесінің санын 19 етіп, формасын бірыңғайлап оркесторлық жүйеге келтірген. Қазір біз ұстап жүрген домбыра да оркестрлік домбыра. Ал ескі форманы әлі де ұстап, тартып жүрген адамдар бар. Кезінде домбыраға ешкінің ішегінен ішек таққан. Пернелерінің байлануы да қазіргіге ұқсамаған. Пернелер әр дыбысқа сұранып тұратындай жылжымалы болған. Қазір домбыраның ішегінен бастап, мұндай ерекшеліктерінен айрылып барамыз. Қазақтың домбыра жасау әдісінде қақпақтың астында екі жерден бел ағаш болған. Ондай домбыралардың дыбысы жақсы шықса, ғұмыры да ғасырлық болған. Қазір шеберлер домбыраға бел ағаш салмай, сата береді. Күйден хабары жоқ адамға күмбірлеп тұрғандай көрінгенімен, белағашсыз домбыра бөшке сияқты, дыбысы да қорқылдап тұрады. Сондықтан домбыра мәдениетіне де талғам керек. Базарда түрі жылытырап тұрған домбыраны ала беру дұрыс емес. Білмесеңіз, білетін адамға танда-тып алғаныңыз жөн.

— Күй әлеміндегі сіздің ұстазыңыз кім? Ал өзіңіз кімнің ұстазысыз?

— Ұстаз деген сөздің аясы үлкен. Қазақтың күй өнерінде кімдер өтті, соның бәрін өзіме ұстаз тұтамын. Солардың ұнтаспасын, мұрағатын тыңдап, тәлім алып жүрміз. Ал көзін көрген ұстазым да бар. Ол жағынан жолым болған. Іле бойындағы Камал Мақайұлы, Ұран Ахатай, Алматыдағы музыкалық колледжде сабақ берген Қалдыгүл Бейсенбайқызы, Таласбек Әсемқұлов, Жаңғали Жүзбай менің өнердегі ғана емес, өмірдегі де ұстазым. Домбыраны үйреніп жүрген оқушылар бар. Бірақ болашақта жүйелі түрде шәкірт тәрбиелеуді ойлап жүрмін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

КҮМӘНМЕН КӨП

Тергеусіз Бәлкейұлының Іле бойында өмір сүріп, болыс болған, мектеп ашқан. Күйші Әшімнің жолы Тергеусізден кіші болса да, екеуі сыйлас болыпты. Абайдың «Ақтолқынын» осы Тергеусіздің баласы Қуанышбай Тергеусізұлы сексенінші жылы шертіп, магнитофонға сақтап кетіпті. Ол жерде «Кенесары», «Наурызбай» күйлері де бар. Қуанышбай арқылы әкесінің «Теріс қақпай» күйі де бізге жетті. Ал мен бұл күйді Өмірбек Садырбайұлынан жазып алдым.

— Биыл Ұлы Абайдың туғанына — 180 жыл. Қазір әр адам Абайды өз саласынан іздейді ғой. Бізге Абайдың осы уақытқа дейін жеткен «Май түні», «Майда қоңыр», «Торы жорға», «Абайдың желдірмесі» қатарлы төрт күйі таныс. Осы күйлердің шығу тарихы мен халыққа таралуы жайлы не айтасыз?

— Ұстазым Таласбек Әсемқұлов «Тал тұс» романында күйші болып жаралуыма атам Жүнісбай Стамбаев тікелей әсер еткен дейді. Абайдың «Майда қоңыр» күйін осы Жүнісбай күйші жеткізген. 1965 жылы қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияның фальклорлық лабораториясының қызметкерлері экспедициямен Семей облысы, Шұбартау ауданына барып, «Майда қоңырды» Жүнісбай Стамбаевтың өз қолынан жазып алыпты. Мұхтар Мағауин де Жүнісбайдың күйшілігі туралы жазған.

Ал «Май түні» мен «Торы жорға» күйі Ғайса Сармурзиннің орындауында жазып алып, зерт-

— Күйшілікпен ғылым жолын қатар алып жүрсіз. «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологиясын құрастырушы жұмыс тобының мүшесі де болдыңыз. Күй әлемінде әлі де зерттеуді қажет ететін, тың тақырыптар бар ма?

— Қазақтың күйшілік өнері өзі бір бөлек әлем. Оны зерттеуге бір адамның ғұмыры жетпейді. Өйткені біз үлкен территорияда орналасқан елміз. Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан елдеріндегі қазақ күйлерін әлі де зерттеуіміз керек. Соңғы 15-20 жыл бойы жиі экспедицияға шығып жүрмін. Сонда байқағаным, қазақтың рухани мұрасы, қолөнері, жәдігері мен музыкалық мұрасын тәуелсіздік алғаннан кейін де республикалық деңгейде емес, облыс бойынша да кешенді түрде жинау жүргізбедік. А.Затаевичтен бастап әркім, оның ішінде мен де бармын аяғымыз, шамамыз жеткен жерге барып, әр өңірді бір зерттеп жүрміз. Біз мемлекет ретінде, ұлт ретінде кешенді зерттеу жасай алмадық. «Мәдени мұра» мемлекет-

асық ату, тоғызқұмалақ, беташар сынды 14 элемент бұл тізімге енді. ЮНЕСКО-ның талабы бойынша 2 жылда 1 элемент осылай, кезек-кезеңімен ұсынылып келеді. ЮНЕСКО-ға кірген 14 элементті «репрезентативті тізім» дейміз. Енді материалдық емес мұралар тізімі бойынша «Қазақстанның материалдық емес мұралары» деген бар. Ол тізімде осы 14 элементті қоса алғанда 79 элемент бар. Болашақта министрліктің бекітуімен бұл тізім әлі де толығырақ береді деп ойлаймын. 2014 жылы бұл тізім 49 болатын.

— Шертпе күй шеберлерінің күйлерін орындаумен қатар, өз жаныңыздан да бірнеше күй шығарыпсыз. Солар жайлы айтып беріңізші?

— Иә, бірнеше авторлық күйім бар. «Ер аға» деген күйімді елге келгенде ерекше қолдау көрсетіп, өнерімді бағалаған ағама арнадым. Ал екінші күйімді шығарғаннан кейін ұстазым Жаңғали Жүзбай нотаға түсіріп беремін деп алды. Әлі аты қойылмаған күйді Жан-



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Елімізде соңғы жылдары құлақ ауруына шалдыққан науқастар саны артқан. Әсіресе туабытты керендік дертінің дендеп кетуі – алаңдатарлық мәселе. Дегенмен отандық медицина жаңа технологияның көмегімен есту қабілетін қалпына келтіре алады. Теңдессіз технология деп танылған жаңашылдық туралы және ел медицинасының бүгіні мен келешегі жайлы «Болашақ» түлегі, отоларинголог дәрігер Медет Маханбетпен әңгімелескен едік.

ЕЛ МЕДИЦИНАСЫНА МАРКЕТИНГ КЕРЕК

— Медет мырза, медицинаны қалай таңдадыңыз? Дәрігер-хирург болу бала арманыңыз ба?

— Бала кезімізде анамыз кітап оқуға баулыды. Өзі де көп оқиды. Қазақтың көрнекі ақын жазушыларының шығармаларын қызыға оқыдық. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» алғаш 3-сыныпта оқыдым. Мұқағали Мақатаевтың, Мұхтар Шахановтың, Махамбет Өтемісұлының өлеңдерін сүйіп жаттайтынбыз. Әртүрлі көркем әдебиетті көп оқығаннан кейін сөз қорымыз байып, ойлау қабілетіміз ұшқыр болып қалыптасты деп ойлаймын. Зерек болдық. Асан қайғы бабамыздың «Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады» дегеніндей, «адамның кейбір сәттерінде» ойымыз өлеңмен өріліп жататын кездер болады.

Медицина саласын таңдауымның өзі қызық. Үйде екі бала болғандықтан өте ерке, еркін болып өстік. Кішкентай кезімде ермексазdan, ағаштан өзіме керек ойыншықты жасап алатынмын. Әкемнің бәкісін (кездік) таласып жүріп аламын да, кез келген затты жонып, кертіп, кесіп, түрлі заттар жасайтынмын. Содан да болар анам, «осы сенің қолыңның ебі бар, хирург болшы» дейтін еді. 11 сыныпта ҰБТ тапсырарда төртінші пәнге биологияны таңдадым, ұстаздарым «неге биологияны таңдайсың, тілге жақынсың, халықаралық қатынастарға бар, журналист бол, филологияны оқы» деді. Өзімді басқа қырымнан танығым келді. Сөйтіп, дәрігер болдым.

— Алғаш операция жасаған кезіңіз есіңізде ме? Ал Қазақстанда алғаш рет ортанғы құлаққа эндоскопиялық трансканалды операция жасаған дәрігер ретінде, классикалық әдіс пен жаңа тәсілдің айырмашылығы қандай?

— 2012 жылдары алғашқы ота — мұрынға септопластика жасадым. Алғаш жасағаннан кейін ол кезде ұзаққа созылған шығар, қазір мұндай операция 15 минут уақыт алады. Университет бітіріп, резидентураға түскен кезде скальпельді бір жылдан кейін ғана қолға береді. Бұл үлкен мектеп, хирургияда мықты маман шығару қиын. Үнемі ізденіс, оқу, үйрену ұзақ жолды талап етеді. Өзім мемлекеттік медицинада жүріп үлкен мектептен өттім, аға буынның озық тәжірибелерін үйрендім. «Болашақ» бағдарламасымен оқу деген кезінде бәрімізге арман еді. Өзім жоғары оқу орнында оқып жүргенде, «шет елге қызыл шақа балапан кезде барасың, ол жакта сені ешкім маман деп қабылдамайды, көзге

ілмейді» деген ойда болдым. Сол себепті өз салама біраз тәжірибе, білім жинақтадым. Содан кейін ғана тағылымдамаға бардым. Ол жактағы профессор қолыңнан бірден келетін болса ғана өзіне ассистент қылып алады, отаны түсіндіреді, үйретеді. Сондықтан «Болашақпен» оқуға баратын жастар елде өз саласында біраз тәжірибе жинақтап алса, сол тиімдірек болар еді.

Осындай ізденістің нәтижесінде медицинаға жаңа тәсіл әкелдім. Қазақстанда тұңғыш рет ортанғы құлаққа жасалған эндоскопиялық трансканалды операция — дабыл жарғағында мүкістік болған кезде жасалатын ота. Бұл құлақтағы асқыну салдарынан тесіліп қалған есту жарғағын жамаяу үшін жасалады. Осы уақытқа дейін классикалық жолмен құлақтың артынан үлкен шандыр алып, кесіп, үлкен тілік жасап келді. Қазір шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, құлақ дабыл жарғағындағы мүкістікті емдеу тәсілін толыққанды жаңашаладым. Яғни, шеміршектің үстіңгі тіндерін қосып, үлкен тілік жасамай, құлақтың сыртқы тесігі арқылы ғана кіріп, кішкентай құралдармен науқасқа да, хирургке де ыңғайлы, экономикалық тұрғыда да тиімді тәсіл енгіздім. Бұл операцияға үлкен, қымбат микроскоп алудың қажеті жоқ. Бейнекамераға ұқсайтын эндоскоп арқылы жасауға болады. Жаңа әдіс әлемдік тәжірибенің өзінде он жылдан бері ғана бар. ТМД елдерінде біз алғаш рет осы операцияны жасадық, кейін Ресей қосылды, Өзбекстанда енді қолға алынып жатыр.

— Елімізде есту қабілеті бұзылған 30 мыңнан астам адам бар. Оның 6 мыңнан астамы бала. Дәрігерлер соңғы жылдары инфекциялық құлақ дерті мен туабытты керендік асқынып тұрғанын айтып, дабыл қағуда. Сіздіңше дерттің дендеуіне не себеп?

— Елімізде нақты статистика жоқ. Кейбір адамдар естімеймін деп жүре береді. Кейбірі медицинаға, енді бірі халық еміне жүгінеді. Жанына батпаса, құлақ күтіміне салғырт қарайтындар көп. Әлемдік статистика 2045 жылға қарай 2,5 миллиард адам керен болады деп болжап отыр. Дерттің дендеуіне шулы орта, эндокринологиялық, кардиологиялық аурулардың асқынуы себеп десек болады. Көбіне 50-60-тан

асқан адамдарда құлақтың естуі әлсірей бастайды. Жас күнінде болмаса да, 40-тан асқаннан кейін қалқанша бездерінің гормондарына скрининг жасау керек.

Құлақ естімеуінің негізгі екі себебі: ішкі құлақ не есту нервсінің бұзылуы және ортанғы құлақ қызметінің бұзылуы. Ішкі құлақтағы бұзылыстар есту сезімталдығының төмендеуіне, ал ортанғы құлақ проблемалары естудің жалпы күшінің төмендеуіне әкеледі. Қазір көбі құлаққап киеді әрі дауысын тым қатты тыңдайды. Ол біртіндеп есту қа-



Мемлекеттік ауруханаларда істейтін дәрігерлердің, әсіресе емханаларда жұмыс істеп жатқан дәрігерлердің жұмысы ауыр, жүктеме көп. Жастар ауылды жерге барғысы келмейді.

білетін төмендетеді, есту нервсінің зақымдайды.

Кішкентай балаларда көбіне мұрынның бітелуімен байланысты ауру асқынады. Яғни, тұмаудың асқынуынан инфекция мұрыннан кеңсірік арқылы құлаққа өтетін түтікшені бітейді, сол жерде ірің жиналып, құлақтың дабыл жарғағын теседі. Содан есту қабілеті төмендейді. Егер науқастың халі отаға жараса, мұны емдеуге болады.

— Операцияны қай жаста жасаған тиімді әрі қаншалықты нәтижелі болады? Отадан кейін науқас толық ести ала ма?

— Хирургияда әрқашан қауіп бар. Отадан бұрын барлық науқасқа талдама тағайындаймыз.



Сондай-ақ операцияға дейін ешбір көрініс бермеген, ота кезінде асқынатын қосымша жағдайлар туындауы мүмкін. Бұдан өзге, отадан кейін науқас ұзақ мерзімде қалай күтінетініне де көп нәрсе байланысты.

Жалпы алғанда, еліміздің медицинасы жоғары деңгейде. Әсіресе, орталық қалаларда өте жақсы дамып келеді. Алматы, Астананың дәрігерлері көбіне өз

түрі, оны дәрігерлер де төлейді. Мемлекет пен сақтандыру компаниясы арасындағы келісімшарт болғандықтан, науқастарға МӘМС аясында қызмет көрсету ауруханаларға экономикалық тұрғыдан салмақ десек те болады. Бағдарлама шеңберінде қаншама науқас тегін ем алады, бірақ ешқашан риза болмайды. Адам денсаулығы — әуел баста тегін берілген дүние. Жұрт оны ақшамен құртады. Мысалы, хирургияға көп жағдайда адам денсаулықты құртып болған соң келеді. Дұрыс ұйықтамайды, дұрыс тамақтанбайды, ішімдік ішеді, денсаулыққа немқұрайды қарайды.

— Медицина саласындағы білікті мамандар неліктен шетелдерге кетіп жатыр? Салада кадр тапшылығы бар ма?

— Білікті мамандардың шетелге кету себебі — айлық аз. Сосын дәрігердің еңбегі бағаланбайды. Мемлекеттік ауруханаларда істейтін дәрігерлердің, әсіресе емханаларда жұмыс істеп жатқан дәрігерлердің жұмысы ауыр, жүктеме көп. Жастар ауылды жерге барғысы келмейді. Барғанымен, мемлекет тарапынан уәде етілген көмектер уақытында толық берілмейді. Осындай себептерге байланысты кадр тапшылығы бар. Ауыл медицинасының бүгінгі халі алаңдатып тұрғаны шындық.

Ал ауыл адамдарына берілетін квота әлі шешімін толық таба қоймаған мәселелердің қатарында. Бүкіл республика бойынша квота алуда баскасын айтпағанда, лордың өзінде проблемалар бар. Жыл сайын елде құлақ-мұрын аурулары бойынша 18 мыңнан аса хирургиялық операция жасалады. Науқастар санының көптігіне байланысты 1-1,5 жыл уақыт кезекте тұрады. Оның үстіне, бұл салада маман қат. Қазақстанда 1 400-дей лор дәрігер бар. Астананың өзінде екі орталықтың ғана операция жасауға әлеуеті жетеді.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

КӨНЕ ҚҰРАН – ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

Әлем елдерінде түрлі кезеңде жазылған қасиетті Құранның ежелгі нұсқалары аз емес. Ғасырлық тарихы бар мұндай киелі кітаптардың әрбірінің өзіндік құндылығы жоғары маңызға ие.

А **Ербақыт**
ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы


Деректерге көз жүгіртсек, осыдан 15 жыл бұрын Йеменнен Әли ибн Әбу Тәліпке тиесілі Құранның ең көне нұсқасы табылғаны мәлім. Құнды жәдігер Адалия қаласының шалғай шатқалындағы үңгірлердің бірінен табылған. Құранның алғашқы бетіне «Хижра жыл санауы бойынша 200 жылы Аллаһтың көмегіне мұқтаж құлдың қолымен жазылған» деп көрсетілген. Кітап балауыз жағылып, терімен оралған деседі. Діни зерттеушілер кітап мәтінінде хәракаттардың болмауын ескеріп, мұны Құранның ең көне нұсқасы екенін жария еткен еді.

Сол сияқты Пәкістан астанасы Исламабадта 400 жылдық тарихы бар ежелгі Құранның қолжазбалары сақтаулы тұрғаны белгілі. Оның ең бергісі XIX ғасырға тиесілі екені айтылады. Мәліметке сәйкес, құндылығы жоғары бұл қолжазба нұсқалары Исламабад тұрғыны Садия Джаветтің отбасына тиесілі. Оның ішінде алтынмен апталып, күміс күптелген, қымбат асыл тастар-

Ақбар дәуіріне тиесілі деп болжам жасалған еді.

Елімізде де ежелгі Құран нұсқаларының қоры аз емес. Түрлі кезеңнен сыр тартатын киелі қолжазбалардың әрбірінің өзіндік мән-маңызы жоғары.

Осы орайда киелі Түркістан өңіріндегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қорының рухани қазынасы мол. Соның ішінде Ислам мәдениеті мен тарихын зерттеуде айрықша орын алатын киелі кесененің қорында 1930 жылдың басына дейін сақталған Құранның үш нұсқасы ерекше атап өтуге тұрарлық. Атап айтқанда,



шақты данасы Құран нұсқаларын құрайды екен.

Сыр өңірінде де Ислам мәдениетінен сыр тартатын мұндай құнды мұралар сирек те болса бой көрсетіп қалып жатады. Бұған дейін, шамамен 7-8 жыл бұрын Қызылорда облысындағы Мырзабай Ахун мазарынан Құранның көне нұсқасы табылғаны жария болған еді. Құранды



Мырзабай ахунның өзі көмген деп топшыланды. Сол уақытта құнды жәдігерді ахунның шөбересі Ораз Салқашұлы тауып, көпшілік назарына ұсынған болатын.

Ал жуырда ғана Әбділдә Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы елді тағы бір ерекше жаңалығымен қуантты. Нақты айтқанда, кітапхана қорынан табылған ежелгі Құран нұсқасы жергілікті жұртшылықты елең еткізіп отыр.

Исі мұсылманның мол мұрасы қатарын толықтырған көне Құран нұсқасы кітапхананың сирек кітаптар қорында ұзақ жылдар бойына сақталған көрінеді. Кітапхананың негізгі қор-

ларды сақтау бөлімінің меңгерушісі Гүлдерайым Қосназарованың айтуынша, құнды жәдігер хижра жыл санауы бойынша 1293 жылы, ал қазіргі жыл санауына сәйкес 1876 жылға тиесілі.

«Қасиетті кітап Мысыр қаласындағы «Фарухи» баспасында басылған. Ол Осман Сұлтан дәуірімен тұспа-тұс келеді. Кітаптың сыртқы мұқабасы терімен қапталып, жазулары шөптен жасалған бояумен жазылған. Құнды жәдігер кітапхана қорына 2009 жылы ұйымдастырылған



«Ұлы Жібек жолының кітапханалары» атты ғылыми экспедиция аясында табысталған. Сол жылы экспедиция Ұлттық кітапхана, Қызылорда облыстық Мәдениет басқармасы мен облыстық кітапхананың ұйытқы болуымен жүргізілген болатын. Осы экспедиция барысында облысқа қарасты аудандардағы 32 кітапхананы аралап, осындай 400-ге жуық құнды жәдігерді зерттеп, жинақтаған еді. Құранның көне нұсқасы бізге сол уақытта табысталды», — деп түсіндірді бөлім меңгерушісі Гүлдерайым Қосназарова.

Жалпы, бүгінде облыстық әмбебап кітапхананың сирек кітаптар қорында 1 800 кітап бар. Оның ішінде 35-ке жуық діни кітап пен қолжазбалар сақтаулы. Мұнда Құранның көне нұсқасынан бөлек, Мұхаммед Амин Аз-Шахир Би-Ибн-ли Абиддиннің «Шариғат жол кітабы», парсы тіліндегі «Пайғамбарлар туралы діни кітап» қолжазбасы, Ибрахим Халыбидің 1876 жылы Мысырда басылған араб тіліндегі «Дін ережелері» еңбектері сынды құнды дүниелер қатары аз емес.

«Кітапханамыздан Ислам мәдениетінен сыр тартатын құнды жәдігерлер қатары мол. Бұған дейін ғылыми экспедиция барысында табылған 400-дей кітапқа зерттеу жүргізіліп, реставрациядан өткізілді. Негізінен, көне кітаптар мен қолжазбаларды қайта қалпына келтіру де оңай шаруа емес. Құнды жәдігерлерді қайта жуып, тазартып, кептіріп, қалпына келтіруге кемі 4 ай уақыт кетеді. Содан кейін ғана оқырман назарына қайта ұсынамыз, — дейді кітапханашы Шолпан Сәдібекова.

Кітапхана қорында әлі де зерттеуді қажет ететін көне діни еңбектер қатары көп екен. Алайда оның көпшілігі толық зерттелмеген. Себебі өңірде құнды жәдігерлерді жете зерттеп, тұжырым жасайтын мамандар тапшы, қолдау да кемшін болып тұр. Кітапхана қызметкерлері құнды жәдігерлерге жете зерттеу жүргізу үшін арнайы жоба әзірленіп, мемлекеттен қолдау жасалуы тиіс екенін жасырмайды.

«Қорда сақтаулы тұрған құнды жәдігерлер толық зерттелген деп айту қиын. Бұл тұрғыда Құранның ескі нұсқасы жайында да мәлімет аз. Өйткені әрбір қолжазбаны оқып, тыңғылықты зерттейтін мамандар тапшы. Соның ішінде өңірімізде ескі парсы, түркі жазуын оқитын адам табу тіпті қиын. Бірқатар діни кітапты мешіттерге де апарып, көне қолжазбаларды оқитын маман таппай жатамыз. Ескі жазуларды тәржімалап, тың мағлұматтар беретін кәсіби ғылыми аудармашылар болса көптеген құнды дерекке қанық болар едік. Сондықтан арнайы мемлекеттік жоба әзірленуі қажет деп ойлаймын. Бүгінде қордағы көптеген құнды жәдігеріміз қайта жаңғыртудан өткізуге сұранып тұр», — деп ойын білдірді бөлім меңгерушісі Гүлдерайым Досбергекқызы.

Жалпы, Сыр өңірі мен Ислам мәдениетінен сыр шертетін облыстық құтхана қорындағы көне қолжазбалар кешенді зерттеуге сұранып тұр. Бұл бірінші кезекте жаңа дерек көздерін ашып, еліміздің ежелгі діни мәдениетін жан-жақты талдап, саралауға мол мүмкіндік берер еді.

Қорда сақтаулы тұрған құнды жәдігерлер толық зерттелген деп айту қиын. Бұл тұрғыда Құранның ескі нұсқасы жайында да мәлімет аз. Өйткені әрбір қолжазбаны оқып, тыңғылықты зерттейтін мамандар тапшы.

мен, жақұттармен безендірілген Құран кітапшалар да кездеседі екен. Сонымен қатар көлемі бір еліден аспайтын алтынмен әрленген, XIII ғасырдағы Дели сұлтанатына тән каллиграфиямен жазылған Құран нұсқасы көптің назарын аударған ерекше жәдігер саналады. Бұған қоса, Үндістанның Карнатака штатынан табылған құнды жазба қасиетті Құранның ең көне нұсқаларының біріне балады. Оны осыдан 400 жылдай бұрын өмір сүрген моғолдың ұлы басшысы

құнды жәдігерлер қатарындағы Куфи Құраны араб жазуының ең көнесі саналады. Ол Ефраттағы Куфа қаласының атауымен аталған. Сонымен қатар 2000 жылдары баба кесенесінің иелігінде болған Алып Құранның табылғаны көпке жария болған еді.

Қазір қасиетті Құранның көптеген ежелгі түпнұсқасы Ұлттық кітапхана қорында сақтаулы. Дерекке көз жүгірсек, бүгінде кітапхананың сирек кітаптар қорында 30 мыңнан астам кітаппен қолжазба болса, оның 50

АЙМАҚ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ



АЙЫРТАУДАН АТТАНҒАН АРТИЛЛЕРИСТ

Жақында редакциямызға бір қария кісі келді. Қолында бір парақ қағаз бен жауынгердің фотосы бар. Әңгімелесе келе Жаслан ақсақал атасы Бегалы Боярысұлының Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ерлігін өскелең ұрпақпен бөлісуге келгенін түсіндік.

Әсет ҚАЛИ

Бұл соғыста Қазақстаннан көптеген даңқты дивизия шыққаны белгілі. Ұлы далада құрылған түмендер Кеңес Одағын қорғауда жан алысып, жан берісті. Ерлігімен көзге түсті. Осындай күштік құрылымның бірі — Ақтөбе облысында іргетасы қаланған 312-атқыштар дивизиясы еді. Оның құрамы негізінен үш ұлттан жасақталған. Ал қазақтардың үлесі 32 пайызды құраған екен. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз — осы дивизияның 859-артиллериялық полкі сапына енген қазақ жауынгері.

Бегалы Боярысұлы 1901 жылы Көкшетау облысының Айыртау ауданына қарасты Сарысай Наурыз ауылында дүниеге келген. Майданға шақырылғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысының

«Наурыз» колхозында ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Қарапайым тірлікпен айналысып жүрген азамат Отан алдындағы борышын өтеу үшін Куйбышев аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен әскерге алынады. 312-атқыштар дивизиясы майдан даласына бара сала Мәскеуді қорғауға аттанады. Түмен әскерді Боровск қаласының маңына қорғанысты ұстап тұруға жібереді. Осылайша, жауынгерлер 11 қазаннан бастап 18 қазанға дейін фашистердің шабуылына тосқауыл қояды. Алайда қарсыластың күші басым еді. Оның үстіне, қару-жарақ жеткізу жағы да қиындық туған сынайлы.

Оны дивизия командирі Александр Наумовтың 43-армия штабына жазған хатында байқаймыз. Мәселен, баяндамада тү-

менбасы қолда бар артиллериялық және атыс қаруларының оқ-дәрі бір күнге ғана жететінін жазған. Үсті-үстіне төгілген Вермахт әскерінің екпініне шыдамай, дивизия шегіне отырып ұрыс салады. Бірақ қантөгіс майданда көптеген сарбазынан айырылады. Екі күн ішінде 11 мыңнан асатын жауынгердің 9,5 мыңға жуығы жер жастанған. Осыған байланысты дивизияны тылға әкетіп, қайта жасақтаған. Сөйтіп, 1942 жылы 9 шілдеде қайтадан майданға аттанды. Осылайша, 312-атқыштар дивизиясы жауды тықсыра қууға зор үлес қосқан.

Кейіпкеріміз 1943 жылғы 13 қазанда жеңіл жарақат алады. Бірақ жазылып шыққан соң қайтадан ұрысқа кіріскен. Бегалы ақсақал талай мәрте ерлік танытып, тапқырлығымен көзге түсіп,



біркатар марапат иеленді. 1944 жылғы 22 шілдеде «Әскери еңбегі үшін» медалін тағады. Ал 15 қыркүйекте «Ерлік үшін» медалімен марапатталған. Мәселен, «Әскери еңбегі үшін» медалі шабуылға шыққан фашист әскерін тоқтатып, 2 пулемет пен 20-ға жуық жауынгерді жержастандырғаны үшін берілген. Сондай-ақ 1945 жылғы 28 ақпанда жау әскерімен күресте жанқиярлық ерлік танытқаны үшін «Қызыл жұлде» орденімен марапатталған. Соғыс аяқталғаннан кейін Бегалы Боярысұлына «Германияны жеңгені үшін» медалі табысталды. 312-атқыштар дивизиясы 1945 жылғы 5 мамырда Эльба өзенінің шығыс жағалауына жетеді. Осы жерде америкалық жауынгерлермен кездесіп, өңірді фашист әс-

керінен тазалаған екен. Содан 7 мамырға дейін Берлинде тұрақтайды. Дивизия Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көрсеткен ерлігі үшін марапат иеленген. Смоленск қаласын азат етуде көрсеткен жанқиярлығы үшін құраманы «Смоленск дивизиясы» деп атап кетті. Сондай-ақ «Қызыл ту» орденімен, екінші дәрежелі Суворов орденімен, екінші дәрежелі Кутузов орденімен марапатталды. Дивизия құрамындағы 9 адам «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды.

Айыртаулық жауынгер соғыс аяқталғаннан кейін елге оралып, совхозда жұмысын жалғастырған. Зейнетке шыққанға дейін мал шаруашылығымен айналысыпты. Бүгінде оның ұрпағы атасының ерлігін мақтанышпен айтады.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Ел ішінде еңбекке ерте жастан төселіп, қартайған шағында бейнетінің зейнетін көріп отырған жандар сирек те болса кездесіп жатады. Соның бірі — жасы келсе де кетпені мен күрегін қолынан тастамай, бау-бақшасын жайқалтып отырған сырбойылық Бектай атаның еңбегі — көпке үлгі.


Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Биыл 86 жасты толтырған қызылордалық Бектай Сүлейменовтің тынымсыз жасап жатқан еңбегіне Сыр жұртшылығы құрметпен қарайды. Әсіресе, қарт бағбанның бау-бақшасына қызығатындар аз емес.

Бектай ақсақал өзінің еңбекке ысылған сәтін сағымдай артта қалған балалық кезеңімен байланыстырады. Ең алғаш тал еуге құштарлығы 12 жасында пайда болыпты. Содан бері 2 млн-ға дейін көшетті көгертіп, жер анадан несібесін теріп келеді.

Бар ғұмырын дала жұмысымен байланыстыратын бағбан 34 жылдан бері қаладан 20 шақырымдай қашықтықта орналасқан жалғыз үйде тұрып келеді. Ертеректе «Бағбан» шаруа қожалығын құрып, содан бермен қа-

«БАҒБАННЫҢ» БАҒЫ КЕРЕМЕТ



рай бау-бақшасын жайқалтып отыр. Бүгінде қожалық иелігіндегі 25 гектар жердің 8 гектарына түрлі жеміс ағаштарын жайқалтып, «Қызылордада тал өспейді» деген кейбір теріс пікірлердің айқын дәлелін көрсетіп келеді.

Қазір бағбанның бағында не өспейді десеңші. Атап айтқанда, алма бағы, алмұрт, шие, қара өрік, сары өрік, қарақат, 240 түптей жүзім сынды жемістер төгіліп тұр. Бұдан өзге, бақшасынан қауын, қарбыз, қияр, қызанақ, баклажан сынды көкөніс түрі көп.

«1964 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтын ор-

ман шаруашылығы факультеті бойынша бітіргенмін. Содан бері қарай Қызылорда облысы аумағында көркейту-көгалдандыру бағытында көп жұмыс істедім. Оның ішінде Қызылорда қаласынан бөлек, Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарында еңбек еттім. Зейнет демалысына шықсам да, еңбектен қол үзіп қала алмадым. Қара нанды қажырлы еңбекпен тауып, қара суды қайғысыз ішу өмірлік басты ұстанымыма айналған. Сол мақсатта бау-бақшамды жайқалтып, берекелі күздің көл-көсір несібесіне кенеліп отырмын», — дейді қарт бағбан.

Бектай қария мал өсіруді де сүйікті кәсібіне айналдырыпты. Жайылымдық жеріне азын-аулақ қойы мен сиырын жайып, түлігін түлетіп отыр. Жемісі жайқалып, көкөнісі көктеген бау-бақшасынан бөлек, таулы жерде өсетін арша, қарағай мен қайыңды да Сыр табиғатына жерсіндіріпті.

Бір қызығы, қарт бағбан шаруа қожалығына мемлекеттен бір тиын да көмек алмайтынын айтып қалды. Тек маңдай тер, адал еңбегінің арқасында жерден несібесін теріп, күнкөріс қамын күйттеп отырғанын жеткізді.

Қария қолы қалт етсе, кітап жазуды үйреншікті әдетіне айналдырған. Бүгінгі күнге дейін 20 шақты ғылыми еңбегі жарық көріпті.

«Көпжылғы тәжірибеме сүйені отырып, табиғат әлемінің тылсымына терең бойлайтын ғылыми еңбектерімді өскелең ұрпаққа өмірлік азық етіп қалдырсам деген мақсатым асқақ. Сол мақсатта Қызылорда облысының өсімдіктер дүниесіне негізделген көптеген еңбек жаздым. Соның ішінде 20 шақты ғылыми еңбегім жарыққа шықты. Бір көлемді мақаламды американың беделді журналы ағылшын тілінде жариялады «Қайнар» баспасынан өздерінің арнайы сұрауымен бірнеше кітабым басылып шықты. Жалпы, қолым қалт етсе, өсімдіктер әлеміне негізделген ғылыми дүниелер жазатыным бар», — дейді Бектай ата.

Қорасын төлге толтырып, бау-бақшасын жасыл желекке

көмкерген қария өзін толғандырған мәселесін де бүгіп қалмады. Қаладан тыс жалғыз үйде тұрмыс кешіп жатқан ақсақал жаңбыр мен қар суынан үйінің айналасы ми батпаққа айналатынын қынжыла жеткізді. Әсіресе, көктем айларында жағдай қиындап, адам тұрмақ, көліктердің өзінің жүруі қиындап кетеді екен. Осы жайында құзырлы орындарға сан мәрте айтқанымен, ешқандай көмек болмай тұрғанын қинала жеткізді.

«34 жылдан бері мені жол мәселесі қинап тұр. Талай әкімнен жәрдем сұрадым. Еш қолдау болар емес. Жуырда ғана тас төсеп жүрген мекемеге қолқа салып жүріп, ми батпаққа айналатын үйіме дейінгі қара жолға 11 көлік болатын құм төсетіп алдым. Бірақ бұл да қиындықтан түбегейлі құтқарады деген сөз емес. Бір жауыннан кейін қайтадан қаз қалпына түседі. Сондықтан жергілікті әкімдік өтінішімді ескеріп, жол салып берсе деген тілегім бар», — деп ағынан жарылды.

Қарт бағбан үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірген. Ұл-қыздарын құтты ұясына қондырып, немерешөбере сүйіп, шөпшегінің қолынан су ішу бақытына кенеліп отыр.

Бүгінде қарт бағбан қала сыртындағы үйінде кенже ұлымен мамыражай тұрмыс кешіп жатыр. Еңбекке жаны құмар ақсақал ала таннан қас қарайғанша бау-бақшасын жайқалтып, содан бойына ерекше қуат алатынын жасырмайды.

ӨЗЕКТІ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Ауылдан қалаға ағылған жас буынның басты мақсаты — жоғары білім алу, жұмыс табу, заманауи өмір салтына бейімделу. Жастардың қалаға ұмтылуын олардың жеке армандары немесе өмірлік таңдауы ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Бұл — терен әлеуметтік, экономикалық және мәдени себептері бар көпқабатты процесс. Ауылда сапалы білім мен қызмет түрлерінің тапшылығы, жұмыс орындарының жетіспеушілігі, заманауи өмірге сай инфрақұрылымның жоқтығы — жастардың болашағын қалаға байлап отыр. Көші-қон статистикасы да осыны растайды: соңғы онжылдықта Қазақстанның ірі қалаларындағы жастар үлесі айтарлықтай артқан, ал ауыл тұрғындарының саны керісінше кеміп келеді. Бұл құбылыс бір қарағанда табиғи әрі заңды сияқты. Кейбір деректерге сүйенсек, болжам бойынша әлемдік деңгейдегі урбанизация 2050 жылы 70 пайызды құрауы мүмкін. Ал ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша: 2030 жылға дейін әлі 5 миллиондай адам қалаға көшіп келуі мүмкін.

АУЫЛДАН КЕТУ — АМАЛСЫЗДЫҚ

Көптеген ауыл жастары мектепті аяқтаған соң білім іздеп үлкен қалаға қоныс аударады. Ал жоғары білімі бар мамандар болса, жұмыс жағдайы мен әрі өзінің материалдық жағдайын жақсарту мақсатында қалаға көшуге мәжбүр болатыны мәлім. Ал ауыл ше? Ауылда жастар азайған сайын, еңбекке қабілетті буын сирейді. Бұл ауыл шаруашылығына, жергілікті кәсіпке және мәдени мұраның сақталуына кері әсерін тигізеді. Қарттар ғана ауылда қалып, тіршіліктің дінгегі әлсірейді. Ақырында ауыл өмір сүруге қолайсыз емес, мағынасыз кеңістікке айналып бара жатқандай көрініп тұр. Түркістан облысының тумасы Айсәуле Серікқызы да ауылдан қалаға көшіп келген жастардың қатарынан. Диплом бойынша мамандығы — мұғалім. Түркістан облысынан елордаға қоныс аударған.

— Мен өзім ауылда өстім. Мектеп бітірген соң, ұстаз болуды армандадым. Жоғарғы оқу орнын аяқтаған соң ауылға оралуға ниеттеніп едім, бірақ барғанда шындықпен бетпе-бет келдім. Білім беру мекемесінде бос орын болмады, жалақы төмен, бірақ жауапкершілік көп. Амал жоқ, қалаға келіп жұмыс істей бастадым. Мұнда да қиындық жоқ емес, бірақ ең болмағанда өз күшіңмен дамуға мүмкіндік бар. Кейде ауылымды, ондағы адамдарды сағынамын. Ауылда қалуға жастарды ынталандыратын бағ-

Бүгінде елімізде урбанизация үдерісі қарқын алып келеді. Әсіресе, жастар арасында қалаға көшудің беталысы күшейіп тұр. Жас буын қалаға білім немесе жұмыс үшін ғана емес, болашағына деген үлкен үмітпен көшіп жатыр. Бірақ бұл көш кімге тиімді? Жекелеген адамдар үшін ұтымды көрінетін бұл үрдіс елдің әлеуметтік құрылымына қандай әсер етуде? Қала не ұтады, ал ауыл не жоғалтады?

АУЫЛДАН АРМАН АЛЫСТАП БАРАДЫ...



дарлама керек сияқты. Ауылда да бақытты өмір сүруге болады. Ол үшін жай сөз емес, нақты мүмкіндік керек. Тек жол немесе интернет қана емес, болашағына сенетін орта керек. Сонда ғана жастар ауылға қарап емес, ауылда қалуға ұмтылады деп ойлаймын, — дейді Айсәуле Серікқызы.

Экономист Дана Оразқызының айтуынша, жастардың ауылдан қалаға көшуін біз «табиғи үрдіс» ретінде қабылдаймыз. Бірақ оның астарында жүйелі экономикалық теңсіздік жатыр. Ірі қалаларда жұмыс орындары, инвестиция, әлеуметтік инфрақұрылым жақсы шоғырланған. Ал ауылдарда керісінше — жұмыс аз, табыс төмен, экономикалық белсенділік әлсіз.

— Егер біз ауылда жастарды ұстағымыз келсе, тек жалақыны емес, экономикалық экожүйені дамытуымыз керек. Яғни, ауылда

Экономист Дана Оразқызының айтуынша, жастардың ауылдан қалаға көшуін біз «табиғи үрдіс» ретінде қабылдаймыз. Бірақ оның астарында жүйелі экономикалық теңсіздік жатыр. Ірі қалаларда жұмыс орындары, инвестиция, әлеуметтік инфрақұрылым жақсы шоғырланған. Ал ауылдарда керісінше — жұмыс аз, табыс төмен, экономикалық белсенділік әлсіз.

бизнес ашуға, агросалада жұмыс істеуге, білікті еңбек етуге қолайлы орта қажет. Мемлекеттік бағдарламалар бар, бірақ олар көп жағдайда қысқамерзімді немесе қағаз жүзінде қалады. Қысқасы, ауылдан кету — жастардың таңдауы емес, мүмкіндіктің жетіспеуінен туған амалсыздық. Бұл үрдісті өзгерту үшін мемлекеттің де, жергілікті биліктің де ұзақмерзімді жоспары қажет, — дейді экономист.

ҚАЛА БӘРІНЕ БІРДЕЙ МҮМКІНДІК БЕРМЕЙДІ

Ауыл халқының азайып бара жатқанын Парламент отырыстарында жиі айтып жүрген Мәжіліс депутаттарының есебінше, кейінгі жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы ауылдардан 6,4 мың, Жамбыл облысы ауылдарынан 2,8 мың, Шығыс Қазақстан облысынан 2,7 мың адам қалаға көшіп

кеткен. Маңғыстау облысындағы ауылдардың халқы 2,4 мыңға, ал Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарының ауылдарында адам саны 2,3 мыңға азайды. Басым бөлігі көбінесе Оңтүстік өңірінен қоныс аударған.

Урбанист Әлихан Көшербаевтың пікірінше, жастарда толықтай еркіндік болуы керек. Олардың қай жерде даму және табыс көбірек болса, сол жаққа ұмтылғаны дұрыс. Онсызда елімізде диплом алғанымен ол салада қызмет етпейтіндер саны өте көп. Ауыл мен қала арасындағы мүмкіндіктер тең емес екені ешкімді таңқалдыратын дүние емес.

— Негізі, макроэкономикада жұмыс істейтін бір қағида бар — people respond to incentives. Сол призмамен қарайтын болсақ, кез келген адам қай жерде даму және табыс көбірек болса, сол жаққа ұмтылады. Ауылдан қалаға көшу мүлдем жаман емес. Кез келген адамды шектеуге болмайды. Адамды шектейтін болсақ, оған бүкіл жағдайды дайындау керек. Ол кісі еркін таңдау жасамаса, сол еркіндікті алған шектеушілерден сұраныс болады. 90-жылдарға қарай шектеуші режимнің астында тұрудан шаршадық. Қала жастарға да, басқа топтарға да қатты жайлы болмау мүмкін. Ауылдағы экология мен Алматыдағы экологияны салыстыратын болсақ, ауыл әлдеқайда жеңеді. Ауылдың кең байтақ жайлауларын кез келген қалада таба алмайсың, Алматы болса да, Нью-Йорк та болсын.

Әлемнің ең дамыған елі Америка да — мигранттар елі. Көші-қонға жақсы жағдайлар жасалған мемлекеттер — ең дамыған экономиканы құрады. Біз де көші-қонға әрқашан ашық болған халықпыз. Статистика бойынша, көшетін жастардың көшпеген қалалық жастармен салыстарғанда кейінгі экономикалық деңгейі жақсырақ болады. Америкада мысалы, ең дамыған топтардың бірі — Азиядан көшкен мигранттар. Сондай-ақ заманауи технологиялардың арқасында бәріміз ауылда емес, түрлі-түрлі қалада тұрамыз, — дейді Әлихан Көшербаев.

Жыл сайын мыңдаған жас ауылдан қалаға көшіп жатыр. Олардың өмір сүру ортасы елдің келешегін айқындайды. Жастардың қалаға жаппай ағылуы — уақыт талабы сияқты көрінгенімен, бұл үрдіс елдің ішкі балансына әсер ететін ұзақмерзімді құбылыс екенін ұмытпауымыз керек. Қала бәріне бірдей мүмкіндік бере бермейді, ал ауыл бәрін жоғалта бермеуге тиіс.

Абылайхан ДҮЙСЕНБЕК,
Л.Гумилев атындағы
ЕҰУ студенті

Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер енгізу жобасы бойынша скрининг рәсімінің басталуы туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобасы бойынша құжаттар топтамасы стратегиялық экологиялық бағалаудың (СЭБ) бірінші кезеңіндегі скрининг рәсіміне Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 53-бабына сәйкес жолданғаны туралы хабарлайды.

Құжаттар топтамасымен келесі сілтеме арқылы танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-saulet/documents/details/847375?lang=ru>

Ескертулер мен ұсыныстар жолдау үшін байланыс ақпараты:

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ.

«Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобасының әзірлеушісі:

«Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС, БСН 070140000898, Астана қ., Ә.Мәмбетов көшесі, 22, тел.: +7 (7172) 47-20-63, эл.пошта: astanagenplan.res@gmail.com

LIFENACK

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ӨЗІНМЕН КҮРЕС
ӨЛГЕНШЕ

Бұл тіркес — ультрамарафоншы Марғұлан Ермағанбетұлының өмірлік ұраны. Оның айтуынша, марафонда бокс, күрестегідей қарсыласынмен емес, өзінмен күресесің. Қорқынышынмен, жалқаулығыңмен бетпе-бет келесің. Осылайша, ерік-жігерің шыңдалады, физикалық-психологиялық тұрғыдан мығым боласың. Марғұлан Ермағанбетұлы — Алтай мен Атыраудың арасын жүгіріп өткен. Оның бастамасымен Nomad run



Биыл 20 сәуірде Алматыда 10 мың адамның басын қосқан Almaty Half Marathon 2025 өтті. Сонда бір арудың жүгірмей, аяңдап келе жатқаны атақты блогердің таспасына ілікті. Марафоншыдан неге жүгірмей келе жатқанын сұрағанда «бірінші рет қатыстым, жүгіруді білмеймін, энергия алуға келдім» деді. Желідегі жұрт қыздың жауабына екіұдай пікір білдірген-ді. Расымен, марафонға жүгіру үшін қандай дайындық керек? Кез келген адам белгіленген қашықтыққа жүгіре ала ма?



МАРАФОН

ДЕГЕН ОСЫНДАЙ, ТӘРТІБІН ОНЫҢ БІЛСЕҢІЗ...



қозғалысы ел ішін аралап жүгірген. 7 500 шақырымды өзара бөліскен марафоншылар қозғалысы Қазақстан рекордтар кітабына кірген.

Қызығы, марафоншы Уинстон Грум романы желісімен таспаланған «Форрест Гамп» фильмін көргеннен кейін жүгіруге асық болған. Жұмыс бабымен Мәскеуге барғанында жүгіруге қатысқан. Одан кейін Астанада 42 шақырым марафонды еш дайындықсыз жүгіріп өткен. «Осыдан ағзама біраз салмақ түсті, ауыр болды» деп отыр. Әйткенмен, марафоншыда база бар. Өйткені ол 9 жасынан күреспен, дзюдомен айналысқан. Бала кезінен Ұлытауды бетке алып жүгіріп өскен өрен алыс қашықтықты бағындырарын білген. «Қазір дайындықсыз жүгіруге болмайды. Физикалық күйінді тексеріп алғаның дұрыс. Артық салмақпен күресіп жүрген, бұрын ауырған адам болса, жүгіруді бапкермен бастағаны абзал» дейді ол.

Үлкенді-кішілі марафонға қатысып, шетел аралаған соң Қазақстанды аралап, жүгіруді мақсат еткен. Одан бұрын 4 үлкен марафонға қатысып, 2 триатлонға (қыста жүгіру, вело, шаңғы, жазда жүзу, жүгіру), 3 дуатлонға (жүгіру, вело, жүгіру) қатысқан. Ел ішін араламас бұрын 10 шақырым жүгіріп, дайындалған. Сол үшін ультрамарафоншы «кез келген іске бел байламас бұрын, дайындығыңды пысықтап алған дұрыс» дейді. Алғашында «Алтай мен Атырау» арасын жалғыз жүгіріп өтемің деген ол Ақтөбе өңіріне жетіп, тоқтаған. Себебі денсаулығы сыр беріп, ауруханаға түскен екен. 2022 жылы Алтайдан Ақтөбеге дейін жүгірген ол кейін ел ішін түгел аралау үшін жолдастарын жинаған. 7 500 шақырымды бес адам бөліп алып, әрқайсысы 1 600 шақырым жүгіріп өткен. 2023 жылы Бәйтеректің түбінен тарқасқан олар

Каспий теңізінде түйіскен. Бір айдың ішінде 18 қала мен аудан орталығын, 100-ден аса ауылды басып өткен. «Спорт адамдарды біріктіретініне сонда көзім жетті» деп отыр кейіпкеріміз. Қазақстан ішін екі рет аралап жүгіргенде түрлі жағдайға тап болыпты. Жол таппай адасып, су таппай шөлдеген кезі болған. Бірде жаңа кроссовкасы жыртылып қалған. Екібастұзға жете бергенінде желаяқ жігіттер күтіп алып, дүкенге апарып жаңасын сатып әперген екен. Павлодар облысына жеткенінде алдынан 74 жастағы Өмірзақ ақсақал күтіп алып, түн жарымына қарамай, ет асып, қонақ еткен. Қай жерде жүгірмесін көлікпен кетіп бара жатқан адамдар тоқтап, қолда барын ұстатқан. «Осыдан-ақ елдің спортқа көзқарасын, демеуін түсіндім» дейді ол.

«Ауыл-аймақта, аудан орталықтарында қысқа қашықтыққа жүгіру марафонын өткізу керек. Кез келген азамат 5 шақырым қашықтыққа жүгіре алады. Бір рет жүгіріп көріңізші, әсері біразға дейін тарқамайды. Осы мәселені көтеріп, Спорт және туризм министрлігіне де сұрау салғанбыз. Марафонға жүгіруді облыс, қала, аудан мен ауылда қолға алса деп өтініш білдіргенмін. Иә, қазір марафонға жүгіру трендте. Себебі жарнамасы жер жарып тұр, оның үстіне қолжетімді спорт түрі. Ыңғайлы аяқкиімнің бар ма, жүгіре бер. Салауатты өмір салтымен дос болсаң, өмірің өзгереді», — дейді Марғұлан Ермағанбетұлы.

Қазір кейіпкеріміз отбасымен бірге жүгіреді. Олар демалыс күні сауда ойын-сауық орталығына барғаннан гөрі, саябақта жүгіруді таңдайды. Оның айтуынша, ересек үш баласымен қоса 5 жасар ұлы да жүгіруді қолға алған. «Әке мен анасы үлгі болса, балалары да көшке ілеседі. Олар жүгіруден ләззат

алуды, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсінеді» дейді ол.

«Мүлдем жүгіріп көрмеген азамат та басқа қырынан танылуы мүмкін. 40-50 жасынан бастап марафон жүгіріп жүргендерді білеміз. Физикалық жағдайы жақсы адам кез келген қашықтыққа жүгіре алады. Ал бұрын ауырған, семіздігі бар адам, қорқынышы бар адамға бапкер керек. Жалпы, кез келген спортта бапкер болғаны жөн. Қазақстанды екі мәрте айналып жүгірдік. Еліміз алақандай жер емес, жер көлемі жөнінен әлемде 9-орында тұр. Осы қашықтықты бағындырған соң, неге басқа елде жүгірмеске деген ой келді. Мақсатым — Еуропаны шығыстан батысқа қарай жүгіріп өту. Іске асыру ғана қалды. Қазір демеушім жоқ. Оның үстіне уақыт жетпеген соң кейінге қалды. Дайындық ақырындап жүріп жатыр. Келер жылы жоспарым іске асады деп ойлаймын», — дейді кейіпкеріміз.

ЖҮГІРІП ЖҮРІП ТЫНЫҒАДЫ

Марафон бастаушыға бапкер керегіне көз жеткіздік. Осы тура-

сында бірнеше бапкермен сөйлестік. Соның бірі — Әлімжан Балтабек, кәсіби бапкер. Астанада арнайы клубта марафоншыларды баптайды. Жүгіру техникасын қойып, әр қатысушыға жеке бағдарлама жасайды. Жарысқа дайындап, төзімін сынап көреді. Қазір клуб қатысушылары күзде өтетін Ыстанбұл марафонына дайындалып жатыр. Үзілісте бапкермен аз-кем сұхбаттастық.

«Иә, дені сау кез келген адам марафонда жүгіре алады. Ал 42 шақырымды бағындыру үшін кемінде 4 не 6 ай дайындалу керек. Жүйелі түрде аптасына 4-5 рет жүгірген дұрыс. Біріншіден, алғаш рет марафонға жүгіретін адам денсаулығын тексеруден өткізсін. Жүрегінде ақау жоқ па, қан-тамырын тексертуі керек. Әуесқой спортшы болсын, кәсіби болсын жылына екі рет чеап өткені дұрыс. Денсаулығыңызда кедергі болмаса, бапкермен дайындалуға көшіңіз. Кез келген істі маманмен бірге бастасаңыз, өнімдірек болады. Бапкер оған жұмыс уақыты, күн тәртібіне қарай жоспар құрып,

марафон уақыта ыңғайлап қай қашықтыққа жүгіретінін бекітеді. Бапкер нұсқауын әркез есіңізде ұстаныңыз. Марафонда алғаш рет жүгіруді ойға алсаңыз, асықпай, қарқыныңызды жоғалтпаңыз. Есіңізде болсын, марафонда ұзақ қашықтықты бетке аласыз. Жолда біреудің аяғы тартылып, іші құрысып қалуы мүмкін. Қазір көбі дайындалмай-ақ 42 шақырым марафонға қатысады. Ішінен «5 сағат не 6 сағатта болсын қашықтықты бағындырамын» деп ойлайды. Бұл — үлкен қателік», — дейді Тортугас жүгіру клубының бапкері Әлімжан Балтабек.

Бапкердің айтуынша, дайындықсыз жүгірудің соңы қарақатқа әкеледі. Мәре сызығын кескен соң, аяқ тартылып, тізесі сыр береді. Бұдан кейін келесі марафонға қатыса алмауыңыз да мүмкін. Оның үстіне, жүрекке үлкен салмақ салады. Ағза осынша ауырлықты көтере алмауы мүмкін. Бапкеріңіз болмаса да, аптасына 4-5 рет қысқа қашықтыққа жүгіруден бастаңыз. Әлімжан Балтабектің айтуынша, ақырын темппен бастап, жүрек соғысы төмен адамдар сирек дайындалса да жетіп жатыр.

Әлімжан Балтабектің өзі жартылай марафоншы, спорт саласында арнайы білімі бар. Алда толық марафонға қатысып, қалауындағы қашықтықты бағындырғысы келеді. Ол жақында, 8 шілде күні Екібастұзда өткен жартылай марафонда 5 шақырым қашықтықта топ жарды.

«Жеңіл атлетикаға келген спортшылар көбінесе орта қашықтықта жүгіреді. Одан кейін өсе келе, ересектерге ауысқанда 5 шақырым 10 шақырымға ауысады. Кейбір спортшы 800 метр 1.5 шақырым қашықтықта қалады. Өзім орта қашықтықтан ауысып, ұзақ қашықтыққа жүгіріп жүрмін. Көбінесе, 10 шақырым, 21 шақырым қашықтыққа жүгіремін. Денешынықтыру және спорт мамандығын бітірдім. Балалар мен жасөспірімдерді жарысқа дайындаймын. Әуесқой спортшылар үшін жүгіру клубын құрдым. Ерлер мен әйелдер, студенттер дайындалып жүр. Үш адам қарашада өтетін Ыстанбұл марафонына дайындықты бастады. Арнайы қойылған уақытқа жүгіріп жүр. Мотивация бар, нәтижеге жетеді деп ойлаймын», — дейді ол.

Оның айтуынша, карантиннен соң марафонға жүгіру жарысы көп ұйымдастырылады. Осыдан 10 жыл бұрын ілу де бір өтетін. Өңірлерде де, ауыл-аймақта да жүгіруді қолға алғандар барын айтады. Артық салмақтан арылу үшін, дисциплина қалыптастыруды қолға алғаны бар. Әлімжан бапкер 5-6 жылдың ішінде түрлі адамды кездестіргенін еске алды. «Кезінде мектепте денешынықтыруға қатыспай, марафонға жүгіріп, қиын қашықтықты бағындырып жатқандар бар екен. Оның сөзінше, Астана қаласының өзінде оннан астам жүгіру клубы бар. Әр клубтың өзінше атмосферасы бар. Қатысушылар жұмыстан келіп, шаршағанын ұмытып, бір сәт тынығады. Жүгіріп жүріп стресін шығарады. Көңіл күйін көтереді, энергия алады. Сол үшін марафонға жүгіру өмір салтына, қала берді трендке айналды деп ойлаймын», — деп сөзін аяқтады ол.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ДОДА

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Әлем чемпионатына іріктеу кезеңі аясында Қазақстан Солтүстік Македониямен кездесті. Жігіттер барын салса да, ойын 0-1 есебімен қонақтардың пайдасына шешілді. Құдды қақпа бағанасы македондықтардың тілеуін тілегендей, Дастан Сәтпаев пен Максим Самородовтың соққысы дарымады. Матч соңында Асхат Тағыбергеннің құрамадағы мансабын аяқтайтынын естіген жанкүйер есенгіреп қалды, білем. Ойыннан кейінгі баспасөз мәслихатында ұлттық құрама бас бапкері Әли Әлиевтің ойын төңірегінде журналистер сауалына берген жауабының бірсыпырасын назарыңызға ұсынамыз.

— Жігіттер 90 минут бойы қарқынды шабуылдап, жанкешті ойын көрсетті. Статистика бойынша да біз басым болдық, жалғыз гол ғана жетіспеді. Команда бар күшін салса да, нәтиже шықпады. Мұндай сәттерде бапкер ретінде сіз не сезінесіз?

— Жеңілістен кейін киім ауыстыратын бөлмеде үнсіздік орнайтыны рас. Бүгінгі жағдай мүлде бөлек әсер қалдырды. Біз қорытынды есепке емес, сонша шабуылдасақ та, бір гол бұйырмағанына күйіндік. Әттеген-айдан басқа айтарымыз жоқ.

Бұл ойында басым ойын көрсеткенімізді статистика да дәлелдеп тұр. Беларусьпен ойындағы жоспарымыздың мақсаты Македонияға қарсы матчқа дайындық болатын. Бүгін барлығы өз әлеуетін толық көрсетті. Футболшылар бұл ойында барлық тапсырманы дұрыс түсініп, физикалық және психологиялық қысымды еңсере алды, жақсы ойнады. Бүгін жанкүйерлер «құрама нашар ойын көрсетті» деп айта алмайды. Бәз біреулер «команданың физикасы дайын емес» немесе «тактикасы әлсіз» дер. Бұл пікірмен келіспеймін. Шын мәнінде, тамаша команда қалыптасып келеді.

— Жігіттер жақсы, сапалы ойын көрсетті, бірақ шабуылды түйіндейтін ойыншы жетіспегендей болды. Реализация болмады. Мұны құраманың негізгі ойыншыларының осы ойынға жарақат пен сырқатының салдарынан қатыспауымен байланыстыра аламыз ба?

— Бұл — басты себептердің бірі. Біз қақпаны дәл көздейтін шабуылшысыз ойнадық. Мысалы, Бахтиёр Зайнутдинов — ұлттық құраманың негізгі ойыншыларының бірі. Егер оны орталыққа қойып, оның алыстан соққы жасау қабілетін, айып алаңындағы «сезгіштігін» пайдалансақ, баспен соғатын сәттердегі

ЖАЛҒЫЗ ГОЛ ЖЕТІСПЕДІ

дәлдігін айтсақ, бүгінгі ойын басқаша өрбуі мүмкін еді. Статистикаға үңілсек те, Бахтиёрдың алдыңғы циклдерде неше гол соққаны анық көрінеді. Бүгін дәл сондай голдар ауадай қажет болды. Осындай ойындарда біздің негізгі шабуылдаушыларымыз жетіспеді. Абат Айымбетов — қай командада ойнаса да, мотивациясын жоғалтпай, үнемі өз мүмкіндігін іздейтін, гол соғатын ойыншы. Бұл — оның шабуылшы ретіндегі табиғи қасиеті.

— Матчтан кейін Асхат Тағыберген мансабын аяқтады деген хабар келді. Бұл шешім қалай қабылданды, футболшымен жеке сөйлестіңіз бе?

— Құрамада жанару процесі жүріп жатыр. Бұл бір күнде іске асатын нәрсе емес, біртіндеп жүзеге асады. Осындай өтпелі кезеңде алғашқы үлкен қадамдардың бірі — біздің капитанымыз, көпке сыйлы Асхат Тағыбергеннің ұлттық құрамамен қош айтысуы болды. Ол бұл шешімге үлкен ерлікпен, батылдықпен келді. Футболмен оның ішінде ұлттық құрамамен қоштасу оңай дүние емес екенін футбол ойнаған адам жақсы түсінеді. Асхат осы батыл қадамға барып, жастарға жол берді. Сол арқылы жас ойыншыларға қандай болу керегінің үлгісін көрсетті. Өкінішке қарай, біз бүгінгі матчта бұл сәтті жарқын етіп өткізе алмадық.

— Максим Самородов жиі доп жоғалтады, бұл бәріне белгілі. Осы ойында да екі рет қарсы шабуылға себеп болды. Сіз бұл мәселені

ескердіңіз бе, сақтық шаралары болды ма?

— Біріншіден, Максим Самородов — шабуылшы, креативті ойыншы. Ол дриблингке барып, қарсылас қорғанысын жарып өтуі керек. Мұндай ойыншыларсыз команданың шабуылы ұжымдық әрекетпен ғана алға жылжуы қиындайды. Сондықтан бізге дәл осындай ойынды шиеленістіретін, қорғанысты бұзатын ойыншылар керек. Әрине, оның доптан айырылып қала беретінін білеміз, оны ескеріп жүрміз. Бірақ бұл жерде «өтуші фаза»,

талуы керек. Біз үшін бұл өте маңызды, өйткені шабуыл шебін толық жасарттық деуге болады. Қазір бізде Кенжебек, Самородов, Чесноков, Дастан Сәтпаев, Мұхаммед секілді жас әрі жылдам ойыншылар бар. Бәрі жақсы, тек оларға тәжірибе керек және бірбірімен ойынды үйлестіру қажет. Сонда ғана нәтиже болады.

— Ойын барысында Ғалымжан Кенжебек бірінші таймда жақсы ойнаған сияқты еді, неге оны алмастырдыңыз? Мүмкін сары қағаз алған Исламбек Қуатты алмастыру керек пе еді?

Ал Қуатты неге алмастырмадыңыз дегенге келсек, позициялық тұрғыда оны ауыстыруға болмайтын еді. Себебі бізге Дастан Сәтпаевты алаңға шығару қажет болды. Біз команданың шаршай бастаған сәтін нақты білдік, сол кезде Сәтпаев алаңға шықты. Ол өзінің жылдамдығымен ойынға серпін қосты.

Бәлкім, жеңіске жету үшін сәл ғана шеберлік, яғни орындаушылық деңгейі жетіспеді. Бізге топтық және жекелеген әрекеттер арасындағы үйлесімділік қажет. Егер доппен жеке жүріп, қарсыластың екі-үш қорғаушысын өзіне тартсаң, дереу серіктесіңді тауып, пас беруің керек. Өкінішке қарай, бұл жағынан біздің Ғалымжанға сәл қырағылық жетпей қалды. Сондықтан ойын барысын бақылап отырып, дұрыс шешім қабылдауға тырыстық. Менің ойымша, уақыт жағынан да, позиция жағынан да ауысымдарды дұрыс жасадық.

— Құраманы жаңарту, жас ойыншыларды тәрбиелеу туралы жиі айтып жүрміз. Мүмкін, еліміздің клубтарында ойнайтын талантты жастарымызды көбірек шақырып, мүмкіндік беретін уақыт жеткен шығар?

— Клубтарға талап қоя алмаймыз. Қазір клубтардың өзіне де нәтиже үшін қысым бар. Олар бірден нәтиже беруді қалайды. Сол себепті көбіне тәжірибелі легионерлерге жүгінеді, ал біздің жастар алаңға жиі шығу мүмкіндігін ала алмай жатады. Сол себепті ұлттық құрамада біз балаларды жинағанда, кемі екі дайындықтан өткізіп, оларды физикалық және тактикалық тұрғыдан бір деңгейге жеткізуді көздейміз. Мұны біз Беларусьпен кездесудің алдында жасадық. Бұған дейін де Уэльс, Лихтенштейнмен матчтар алдында жүзеге асырдық. Әрине, жастарға мүмкіндік беру керек. Бірақ бұл кезең-кезеңімен, жүйелі түрде жасалуға тиіс. Қазірдің өзінде Ғалымжан Кенжебек сияқты талантты жастар бар. Олардың деңгейі жоғары әрі өздерін дәлелдеп келеді.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Әсет ҚАЛИ



Қазір клубтардың өзіне де нәтиже үшін қысым бар. Олар бірден нәтиже беруді қалайды. Сол себепті көбіне тәжірибелі легионерлерге жүгінеді, ал біздің жастар алаңға жиі шығу мүмкіндігін ала алмай жатады. Сол себепті ұлттық құрамада біз балаларды жинағанда, кемі екі дайындықтан өткізіп, оларды физикалық және тактикалық тұрғыдан бір деңгейге жеткізуді көздейміз.

яғни шабуылдан қорғанысқа бірден ауысу сәті маңызды. Сол кезде бізде қорғаныстағы ойыншылар осы сәттерді сақтандыруы керек. Егер Максим доп жоғалтпаса, мүлде мінсіз ойнаса, онда ол «Лейпциг» секілді Еуропаның топ-клубтарында жүрер еді. Мысалы, Флориан Виртц сияқты. Бірақ оның басты артықшылығы — батылдығы. Ол шабуылға қорықпай барады, допқа таласады. Ең маңыздысы, ол соңғы паспен соңғы соққыға нақты бағыт-

— Ғалымжан Кенжебекке келсек, ол біраз уақыт бойы матчқа қатыспаған. Бірақ ол — бұл жолы келді, ойнады. Ол — қазіргі ғана емес, болашақ та ұлттық құрамада ойнайды. Егер барлығын дұрыс жолға қойсақ, болашақта Кенжебек те, Дастан да, Самородов та құрамамызға көп ұпай мен гол сыйлайды. Бұл жігіттердің болашағы жарқын, олар Еуропаның мүлде басқа деңгейдегі клубтарына ауысуы мүмкін.



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

14 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Электр қуатының адам ағзасына пайдалы әсері сонау ежелгі дәуірлерде-ақ белгілі болған. Мысалы, Ежелгі Мысырда дәрігерлер артритпен ауыратын науқастарды электр тоғын бөлетін жайын балықтарының разрядтарымен емдегенін бірі білсе, бірі білмес. XVIII ғасырда итальян анатом-физиологі Луиджи Гальвани бұлшықеттердің электр импульсі әсерінен жиырылатынын анықтаған. Осындай ғылыми жаңалықтар бүгінде нейротехнологиялар мен заманауи медициналық құрылғылардың дамуына негіз болып отыр.

Нейроинтерфейстер медицинада белсенді қолданылады. Оның көмегімен мидың жұмысы зерттеліп, неврологиялық ауруларды емдеуге болады, сондай-ақ есту, көру сияқты қабілеттерді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мысалы, басқа орнатылған антенна ахроматопсиямен (адам әлемді тек кара-ақ түсте көретін ауру) ауыратын адамға түстерді ажыратуына көмектеседі.

НЕЙРОИМПЛАНТТАР РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Neuralink компаниясының Telepathy чипі сал ауруына шалдыққан науқастардың жағдайын жақсартуға арналған. Электродтар ми сигналдарын тікелей чипке жеткізеді, ал чип бұл сигналдарды сыртқы құрылғыларға береді. Neuralink компаниясының мұндай жетістігі әлемде бұрын-соңды болмаған технологиялық құрылғыларды алып келді. Сарапшылар болашақта бұл жаңалық ми сигналдарын дәлірек интерпретациялаудың жаңа жолдарын ашатынын айтады. Жақында WIMAGINE технологиясы да жасалды. Бұл — еуропалық ғалымдардың ғылыми жетістігі. Ми мен жұлынға орнатылатын екі электродты имплант өзара «сандық көпір» түзеді де, оның көмегімен жарақат алған науқастарда жүйке байланысын қалпына келтіріп, сал болып қалған аяқ-қолдарын басқару әрекетін қайтара алады. Бұл технология адамға сәтті сыналды. Алдымен науқас виртуалды аватарды басқаруды үйренді, содан кейін экзоскелеттегі өз денесін басқарды.

«Бұл — қызықты жаңалық, дегенмен кейбір қиын тұстары да бар. Біріншіден, аяқ қозғалысын жұлын афференттерін электрлік стимуляциялау арқылы шақыру, яғни рефлекторлық қозғалысты тудыру — өзгеше әдіс. Өйткені сау адамдардың жүру кезінде мидағы функция басқа. Екіншіден, мидың қыртысынан қандай сигнал жазылатыны түсініксіз. Қыртыс қолдың қозғалысына жауап береді. Ал қолдар жүріспен бір ығрақта қозғалады. Демек, бұл нейрондық сигнал жүруді басқару үшін қолданылуы мүмкін. Үшіншіден, осыны жүзеге асырудың инвазивті емес тәсілдері де бар. Мысалы, жүруді экзоскелет арқылы емес, дельта бұлшықеттерінің электромиограммасы арқылы іске қосуға болады. Дегенмен бұл жүйе технологиялық тұрғыдан өте әсерлі және сал ауруына шалдыққан науқастарды оңалту үшін өте пайдалы болуы мүмкін», — дейді сарапшы Михаил Лебедев.

Әлемде сал ауруына және түрлі созылмалы дертке шалдыққан науқастардың қайта қозғалуына мүмкіндік беретін жаңа технологиялар саны артып келеді. Импланттар және нейроинтерфейстер арқылы адамдар енді бұрынғы қабілеттерін қайтара алады. Бұл — медициналық серпіліс қана емес, өмір сүру сапасын түбегейлі өзгертетін жаңа дәуірдің бастауы.

ЖАҢА ДӘУІР – ЖАНҒАН



Адам қозғалысы мидан берілген сигналдар жүйесі арқылы жүзеге асатындықтан, ми мен жұлынға қойылатын импланттардың жақсы нәтиже беруі ұзақ уақытты қамтуы мүмкін. «Сагол» регенеративтік биотехнологиялар орталығының жұлын имплантаты сәтті түрде жүзеге асты. Тель-Авив университетінің ғалымдары жұлын тінін өсіретін бұл жаңалығы созылмалы сал ауруы бар пациенттерді емдеп, бойдағы ауырсыну болған жағдайда оны 90 пайызға дейін азайтады. Жоба аясында жарақат-

тан кейін жұлынның функцияларын қалпына келтіруге арналған имплантат әзірленген. Ол арнайы гидрогельде өсірілген нейрондық тінен тұрады. Бұл имплантаттың иммундық жүйе тарапынан кері қабылданбау (биоүйлесімділік) мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Дегенмен сарапшылардың айтуынша, адамға қатысты зерттеулер әлі жүргізілген жоқ.

Сал ауруына шалдыққан науқастарды емдеуге арналған озық технологиялар бүгінде жағымды әсерімен танылып келе жатыр. Солардың ішінде аяқ-қолдың орнын басатын протездер мен басқа да құрылғыларды басқаруға арналған науқастың игілігіне жарайтын тың мүмкіндіктер бар. Ол — Браун университетінің ғалымдары мен Cyberkinetics биотехнологиялық компаниясы негізін қалаған BrainGate технологиясы. Бұл жүйе миға имплантацияланған электродтар арқылы басқару командасын береді. Осы арқылы денеге жалғанған қосымша құрылғылар оңай әрекетке түседі.

ҚАЙТА КӨРІП, ҚАЙТА ЕСТИДІ

Жақында америкалық Science Eye — диаметрі небәрі екі миллиметрлік microLED қабықша, ол көздің тор қабығына, қабақпен жабылған аймаққа имплантацияланады. Құрылғы арнайы сымсыз байланыс арқылы сигналдар қабылдайтын сыртқы құрылғыдан (камералары бар көзділдірік) деректерді қабылдайды. Алынған

сигналдар адамның миы бейне ретінде танытындай формаға айналдырылады және көру жүйесі арқылы миға жеткізіледі. Бұл технологияның басты мақсаты — пигментті ретинит (көздің көру қабілетін біртіндеп жоятын жасқа байланысты ауру) дертіне шалдыққан науқастарға көмектесу.

Science Corp компаниясының негізін қалаушы Усама Ходақтың атасы да осы дертке шалдыққандықтан, ғалым осындай жаңа технологияның пайда болуына ықпал еткен екен. Кәсіпкердің өзі бұл технология болашақта виртуалды шындық гарнитураларында (VR) да қолданылуы мүмкін екенін атап өтті.

Сондай-ақ есту қабілетінен айырылған жандарға да озық технологиялардың көмегі айналып өтпейді. Сондықтан бүгінде оларға көмектесетін арнаулы құрылғылар мен инновациялық шешімдер күн сайын дамып келеді. Саңырау адамдарға дыбысты қайта естуге мүмкіндік беретін есту аппаратын Бельгияның KU Leuven университеті есту импланттарын әзірлеп, сатумен айналысатын аустралиялық Cochlear компаниясы жасап жатыр. Жүйе сыртқы және имплантталған құрылғылардан тұрады. Сыртқы құрылғы дыбысты қабылдап, кодтайды да, оны ішке орнатылған құрылғыға жібереді. Болашақта мұндай жүйе ауруханаға барып тестілеуден өтуді қажет етпейді: сурдолог (есту маманы) имплант жинаған мәліметтерді қашықтан зерттеп, қажет болса, құрылғыны онлайн түрде баптай алады. Зерттеу авторларының айтуынша, болашақта мұндай есту импланттары тіпті мидың тіркелген толқындарына қарай өздігінен бапталатын болады. Егер қоршаған ортада басқа дыбыстар болмаса, ересек шақта кохлеарлық имплант (CI) орнатылған адамдар әдетте әңгімелерді қалыпты түрде түсіне алады. Көпшілігі тіпті телефон арқылы сөйлесе алады. Алайда фондық шу немесе сыртқы дыбыстар болса, олар үшін сөйлесуді түсіну айтарлықтай қиындық тудырады. Ал жас кезінен имплант салынған балалар егер оларға тиісті қолдау көрсетілсе, көбіне жалпы білім беру жүйесінде білім алуға мүмкіндік алады.

Бүгінде нейротехнологиялар мен биомедициналық инженерия саласындағы жаңалықтар ғылыми жетістік ретінде танылып, адамзаттың өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеретін серпінді қадамға айналды. Импланттар, нейроинтерфейстер, гендік терапия, оптогенетика сияқты технологиялар бұрын жазылмайтын, өмір бойы мүгедектікке алып келетін дерттерге қарсы нақты шешімге айналып отыр.

С.БЕГІМБАЙ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.comЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4604
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,